БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№132 (9450) | 1954 жылғы 4 июль Жексенбі | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тиын.

## Қазақстан КП обкомінің III пленумы туралы

### ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

Кеше облыстық партия комитетінің үшінші пленумы өзінің жұмысын аяқтады. Пленум «СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қорытындылары және егісті кезінде күту, пар жырту, жемшөп дайындау, егін жыйнау, 1954 жылы ауылшаруашылық өнімдерін дайындау және сатып алу жөнінде облыс партия ұйымының міндеттері туралы» мәселе қарады.

Бұл мәселе жөнінде облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы **В. И. Коробов,** совхоздар тресінің директоры **И. Е. Зенченко** және ССРО Дайындау министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысындағы өкілі **П. В. Махначев** жолдастар баяндамалар жасады.

Пленум қаралған мәселе жөнінде қарар қабылдады.

Пленум сол сыяқты ұйымдастыру мәселелерін қарады.

**Н. А. Борзов** жолдас ҚКП обкомінің секретары және бюро мүшесі, **В. Е. Корчашкин** жолдас обкомнің партия, кәсіподақ және комсомол органдары бөлімінің меңгерушісі болып бекітілді.

## ЕГІН КҮТУДІ ҮЛГІЛІ ҰЙЫМДАСТЫРАЙЫҚ

Социалистік ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі күрделі міндеттерді ойдағыдай орындау жолындағы күресті күшейте отырып, облысымыздың еңбекшілері бірқатар табыстарға жетті. Облыста көктемгі егіс ең қысқа мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде өткізілді. Егіс көлемі тың және тыңайған жерлер есебінен едәуір ұлғайтылды. Бұл бүкіл ауылшаруашылық дақылдарының мол өнім алу жолындағы күрестің бастамасы ғана. Барлық егіс көлемінен мол өнім алу үшін егінді мезгілінде және үлгілі күтіп-баптаудың зор маңызы бар.

Облысымыздың ауыл шаруашылығы еңбекшілері СОКП Орталық Комитеті Пленумының «Көктемгі егістің қорытындылары, егінді күту туралы, егін жыйнауға әзірлік және 1954 жылы ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын орындауды қамтамасыз ету туралы» қаулысын зор қуанышпен қарсы алып, оған еңбектегі жаңа табыстармен жауап беруде. Алдыңғы қатарлы шаруашылықтар пар жырту, шөп шабу сыяқты аса маңызды жұмыстармен бірге, егінді күту ісін де мезгілінде қолға алып, ұйымшылдықпен жүргізіп келеді. Мұндай шаруашылықтардың қатарына Полудень ауданындағы «Прогресс», Ленин ауданындағы «Мир» колхоздарын қосуға болады. Бұларда егіннің арам шөбін отап, баптап-күтуге күш-мүмкіншілік жеткілікті бөлінді. Егінді күтуге қолынан іс келетін, тәжрибелі адамдар жіберілді. Осының нәтижесінде аталған колхоздарда егіннің арам шөптерін отау, қатарaралықтарын өңдеу жұмыстары тыңғылықты жүргізілуде.

Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхозда үстіміздегі жылдың көктемінде картоп, күнбағыс, капуста және басқа да дақылдар шаршы-ұялы әдіспен отырғызылған болатын. Мұның өзі колхозшыларға ауылшаруашылық дақылдарын күтіп-баптау жұмыстарына техника қуатын кеңінен пайдалануға зор мүмкіншіліктер туғызды. Кәзір мұнда аталған дақылдардың қатарaралықтары бір рет толық өңделіп болды.

Алайда, егінді күту ісі барлық жерде бірдей бұлай ұйымдастырылып отыр деп айта алмаймыз. Облыстың көптеген колхоздары мен совхоздарында егінді күтіп-баптау жұмыстары әлі күнге дейін қолға алынған жоқ. Егінді күту, әсресе, Преснов ауданында нашар жүргізіліп отыр. Ауылшаруашылық дақылдарын күтудің қолайлы мерзімі өтіп бара жатса да, бұл ауданның бірсыпыра колхоздары мұндай ол машиналарды пайдаланып, егінді күтуді ұйымшылдықпен жүргізуді мүлде ойластырмай отыр.

Сол сыяқты, егінді күтіп-баптау «Сталин жолы», Хрущев атындағы колхоздарда да (Преснов ауданы) әлі күнге дейін ұйымдастырылмаған. Бұл колхоздардың басшылары, сондай-ақ, олардағы агрономдар Аренов, Шевелев жолдастар егінге тыңғылықты күтім жасап, мол өнімнің алынуын қамтамасыз ету жөніндегі өздерінің жауапкершіліктерін мүлде ұмытқан.

Мұндай жағдай басқа аудандардан да кездеседі. Приешім ауданында бірсыпыра егін алаңы мұқыят күтіп- баптауды керек етеді. Солай бола тұрса да, ауданның көп колхоздарында егінді арам шөптерден тазарту, картоп, овощь және малазығындық дақылдардың қатарaралықтарын өңдеу жұмысы әлі күнге дейін басталған жоқ. Ауданның Куйбышев атындағы (председателі Никулин жолдас), «Культурный пахарь» (председателі Коваленко жолдас) колхоздарында арам шөптерін отайтын егін алаңы көп. Амал не, колхоз басшылары күш- мүмкіншіліктің жеткілікті болуына қарамастан, егіннің арам шөптерін отау жұмысын ұйымдастырмай, оны көріне- көзге кешіктіріп отыр.

Егінді күтіп -баптау жұмысының бұл сыяқты нашар жүргізілуінің себебі неде? Ең алдымен бірқатар аудандардың партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдары дәнді, техникалық, малазығындық дақылдарды сол сыяқты, картоп пен овощьты мезгілінде және сапалы күтуге қолда бар мүмкіншіліктерді жұмылдыра алмай отыр. Екіншіден, олар бұл сыяқты аса маңызды жұмысқа жеткілікті басшылық, бақылау жасамай келеді.

Облыстың колхоз, совхоздарында егінді уақытылы және сапалы күтуге күш-мүмкіншілік жеткілікті. Сондықтан колхоз, совхоз, МТС басшылары мен партия ұйымдары осы орасан зор мүмкіншіліктердің егінді дұрыс күтіп-баптауға толық жұмылдырылуын, сөйтіп, бүкіл егіс көлемінен мол өнімнің алынуын қамтамасыз етуге міндетті.

Егінді дұрыс күтіп, бітік өсіру үшін әрбір колхозда, әрбір совхозда еңбек ұйымдастыру ісін барынша жақсарту қажет. Егінді күтуге іскер, тәжрибелі адамдарды бөліп, олардың күнбе-күн өнімді жұмыс істеуіне барлық жағдайды жасау керек.

Егінді күтуді ұйымдастыруда МТС, колхоз және совхоз мамандарына —агрономдарға, механиктерге, инженерлерге аса

## СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА



СУРЕТТЕ: киномеханик **И. Тарасов** «Ауыл шаруашылығының жаңалықтары» деген журналды көрсетер алдында сауыншы **Б. Маусымбаевамен** әңгімелесіп тұр.

**(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).**

### Ғалымдардың кеңесі бойынша

ОРАЛ. (ҚазТАГ). Оралдың мемлекеттік селекциялық станциясы Батыс Қазақстанның құрғақшылық ауа райы жағдайында парға ықтырма егудің көптеген тәжрибелерін жүргізді. Тәжрибелер ықтырмалар тамаша қар тоқтатқыш құрал екендігін көрсетті. Станцияның парға ықтырма егілген жерлерінде пардың қалыңдығы өткен жылы 70 сантиметрге, ал, бақылау участогінде 38 сантиметрге жетті. Ықтырма егілген әрбір гектар алаңнан бақылау участогінен алынғанынан 7 центнерге жуық өнім артық алынды.

Станция қызметкерлері колхоздарға ықтырма егудің агротехникасын ұсынды. Жуырда ғылыми қызметкерлер ауылшаруашылық ғылымының кандидаты Н. Башмаковтың басқаруымен Теректі ауданының колхоздарында болды. Чапаев атындағы колхозда олар Грибенецтің трактор бригадасының механизаторларына 200 гектар тыңға ...

### Тың игеруге арналған көрме

ҚОСТАНАЙ. (ҚазТАГ). Облыстың өлкетану музейінде тың жерлерді игеруге арналған көрме ашылды. Көрме материалдары келушілерді ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде партия мен үкметтің қарарларымен таныстырады, облыстағы алдыңғы қатарлы колхоздардың тәжрибесін көрсетеді. Тың көтерудің схемалы картасы, жаңа астық совхоздарының картасы, тың жерлерді игеретін басқа облыстардың ішінде Қостанай облысының қандай көрнекті орын алатындығы жөнінде нақтылы түсінік береді.

Көрмеде Ұзынкөл ауданындағы Ворошилов атындағы колхоздың, Қостанай облысындағы Ленин атындағы колхоздың тың игерудің озаттарының тәжрибелері кеңінен көрсетілді. Өткен жылы Ворошилов атындағы колхоз 252 гектар тың жердің әрбір гектарынан 19 центнерден бидай алды. Быйыл ол 14 мың гектар жаңа жер игереді. Көрмеде көрсетілген Қарабалық мемлекеттік селекциялық станциясының жұмыс нәтижелері ерекше көз тартады. Станция стенді диаграммаларының бірінде жаңа жерде торқалы кендір егудің ерекшелігін көрсетеді. Кендірдің «сибиряк» сорты гектарынан 15 центнерден тұқым берді.

Дала жұмыстарының барысында көрме жаңа экспонаттармен толықтырылатын болады.

### Жаңа егіннің астығын тасымалдауға әзірлік

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Шығыс Қазақстанда жаңа егіннің астығын тасымалдауға әзірлік өрістетілді. Автомобиль транспортшылары автомашиналарын дайындауда. Оларға көмекке Москвадан, Киевтен, Харьковтен шоферлер мен механиктердің үлкен тобы келді.

Колхоз автомобиль транспортымен қырманнан дайындау пункттеріне көп астық жеткізіледі. Облыстың ауылшаруашылық артельдері соңғы жыл ішінде жүзге жуық жүк машиналарын сатып алды. Олардың ішінде жүкті автоматпен босататын автомашиналар астықты комбайннан тасымалдауда өте-мөте тиімді. Алдыңғы қатарлы кейбір колхоздар зыряновтік ауылшаруашылық артельдерінің үлгісі бойынша быйыл автомашиналарға астық артуды жеделдету ...



СУРЕТТЕ: колхоз радиотехнигі **Б. Әбділдинов** колхозшылардың сұрауы бойынша пластинкаға жазылған өлеңдерден концерт беріп тұр.

**(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).**

### Қызыл отауда

КИРОВСК, (ТАЛДЫҚОРҒАН облысы). (ҚазТАГ). Киров қант заводының және аудандық байланыс мекемесінің комсомолецтері колхоздың жайылымдағы малшыларын қамтыйтын Қызыл отауды қамқорлыққа алды. Олар әдебиеттер жыйнады, жас шопандар үшін кітапхана дайындап берді. Жақсы бастаманы аудан орталығының басқа да комсомол ұйымдары қостады. Комсомолецтер Қызыл отау орналасқан мал жайылымы участогінде де болды. Олар Қызыл отауға арнап оқу залы және кітап сақтайтын орны бар жаңа үй салып беруді ұйғарды. Үйдің іргесін салу басталды. Қызыл отау үйінің құрылысын және оны жабдықтауды 1 сентябрьге аяқтау ұйғарылды.

Алыстағы мал жайылымы участоктеріндегі мәдени- ағарту мекемелерін қамқорлыққа алған кировтық комсомолецтердің бастамасы, облыстың басқа аудандары ...

### Қара теңіз жағалауындағы далаларда

СНЕГИРОВКА селосы, (Николаев облысы), 2 июль. (СОТА). Қара теңіз жағалауындағы ұлан- байтақ жазықтықта, Буг өзені және Днепрдің төменгі жағалауындағы саласы Ингулец өзенінің аралығында Украинадағы ең ірі Ингулевск суару жүйесі салынып жатыр. 1954 жылдың көктемінде ол Николаев және Херсон облыстарының 60 мың гектар құнарлы жерлерін суара және жақсарта алады. Бұл алқапта 2200 километрге жететін каналдар сетін, 5 мыңға жуық гидротехникалық түрлі құрылыстарды салу жұмыстары жоспарланып отыр.

Ингулецтің жағалауында қуатты насос станциясы салынып жатыр. Бұл станция Ингулецтің ағысын кейін қарай бұрады. Өзен өзінің тасты арнасымен кейін қарай ағатын болады. Станция жұмыс істеген кезде өзен суының жоғарылығы Днепр суының горизонтпен салыстырғандағы жоғарылығынан әжептәуір төмендейді. Арна арқылы жіберілетін аса қуатты күштердің әсерінен және үлкен труба арқылы Днепр суы 90 километр бойында насос станциясына келеді.

Кәзір Қара теңіз жағалауындағы далаларда еңбек қарқыны күн сайын қызуда. Снегировка, Ново-Петровка, Константиновка, Киселевка, Октябрь ауданының орталығы бұрынғы тұрғындардың көз алдында өзгеруде. Құлазыған далада құрылысшылардың көрікті поселкалары өсуде.

Бұл өлкенің болашағы да сәулетті. Суарылатын аудандар түгелдей электрленген ауданға айналады. Кәзірдің өзінде электр тракторы, электр комбайны және басқа да электр машиналармен жабдықталатын жаңа МТС-тер құрылуда. Механикалық және автомобиль жөндейтін заводтар салынып жатыр.

### Арнаулы орта дәрежелі оқу орындарын 300 мың адам бітірді

Еліміздің техникумдары мен басқа да арнаулы оқу орындарында оқу жылы аяқталды. Жазғы емтихан сессиясына, сырттан оқушыларды қоса есептегенде, 1 миллион 600 мың оқушы қатысты. Үш жүз мыңнан астам адам мемлекеттік емтихан тапсырды ...

...еse маңызды жұмысты қолға да алмаған.

Мысалға осы аудандағы Пресnов МТС-інің қамтуындағы колхоздарды алайық, МТС-тегі 8 колхоздың бесеуі осы күнге дейін не дәнді дақылдарды, не отамалы дақылдарды күтіп-баптауға кіріспеген. Үстіміздегі жылы «Прибой» колхозында жүгері, картоп, күнбағыс, капуста сияқты дақылдар шаршы-ұялы және шаршылы әдіспен отырғызылған-ды. Егер бұл дақылдарға мезгілінде, жақсы күтім жасалса, олардан мол өнім алынатындығы сөзсіз. Бірақ, колхоз басшылары аталған дақылдарды күту ісіне ешбір мән бермей, бұл жұмысты аяқсыз қалдырып келеді. Колхоз басшылары «машина жоқ» дегенді сылтау етіп жүрген көрінеді. Ал, шынында отамалы дақылдардың қатараралықтарын күтіп-баптайтын машиналар жоқ емес, бар. Бірақ, колхоз басшылары жауапты міндеттер жүктеледі. Быйыл облысымызда едәуір көлемде жүгері, картоп, күнбағыс, капуста, басқа да дақылдар шаршы -ұялы және шаршы әдістермен отырғызылды. Ауыл шаруашылығының мамандары дәнді дақылдармен бірге, бұл дақылдардың да қатараралықтарын өңдеудің, арам шөптерден тазартудың мезгілінде және жоғары сапалы жүргізілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Кәзір, пар жырту, шөп шабу, егін орағына әзірлік, егінді күтуде жергілікті партия, совет ұйымдарына, МТС, совхоз басшыларына зор міндеттер жүктеледі. Олар бұл міндеттерді орындауды ұйымдастырып, еңбекшілерге үнемі көмек көрсетуге тиіс, социалистік жарысқа жанды басшылық жасап, озаттар тәжрибесінің өндіріске кеңінен енгізілуін қамтамасыз етуге тиіс.



Москва. Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі.
СУРЕТТЕ: «Главмясо» павильоны.
(СОТА-ның фотохроникасы).

...ықтырма егуге көмектесті. «Октябрьдің 13 жылдығы», Жамбыл атындағы және басқа ауыл шаруашылық артельдері ықтырма егуде.

Облыс колхоздары 160 мың гектар жерге ықтырма егуді белгілеп отыр.

## Озат тәжрибе туралы плакаттар

АҚМОЛА. (ҚазТАГ). Мұнда облыс ауыл шаруашылығы жаңашылдарының тәжрибесі туралы плакаттар жарыққа шықты. Олардың бірі Социалистік Еңбек Ері Максим Босенконың Қосбармақ МТС-нің тың игеріп жүрген трактор бригадасының жоғары еңбек өнімділігі туралы баяндайды. Плакат бригаданың жаңа агротехникалық шараларды қалай қолданғандығы жөнінде айтады.

Екінші бір плакат Есіл ауданындағы Хрущев атындағы ауылшаруашылық артелінде жаңа жерлерді игеруге арналған. Колхоз быйыл 10 мың гектар тың көтереді.

Облыстық ауылшаруашылық басқармасы озат тәжрибелер туралы жаңа плакаттар мен листовкалар сериясын баспаға дайындап жатыр.

## Курорттарда, санаторийлерде және демалыс үйлерінде

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Кеше Калинин атындағы ет- консерві комбинатының мал ды бірінші өңдеуден өткізетін заводының жұмысшысы Нұрланов Бурабай курортына жүріп кетті. Бүкілодақтық сауықтыру санаторийлерінің бірі—Сочиге консерві заводының алдыңғы қатарлы жұмысшысы Лаптев жіберілді. Комбинаттың электр мантері Сребнев Ессентукиге емделуге жүріп кетті. Кәсіпорнының көптеген жұмысшылары, қызметшілері өздерінің демалыстарын Ертістің табиғаты көркем жер лерінде өткізеді.

Үстіміздегі жылы ет комбинатының 800-ден астам жұмысшылары мен қызметшілері курорттарда, демалыс үйлерінде тынығады.

## Вагондардың босқа тұруын қысқартты

ҚЫЗЫЛОРДА. (ҚазТАГ). Қызылорда станциясына № 181 поезд келді. Аға вагон байқаушы Волдиновтың сменасы составты техникалық байқаудан және жөндеуден өткізуді мерзімінен 13 минут бұрын аяқтады. Теміржолшылар Күнін лайықты қарсы алуға әзірлене отырып, Қызылорда станциясының техникалық байқау пунктінің коллективі июнь айы ішінде шапшаң әдіспен 300-ден астам поезды өңдеді.

Шиелі станциясының вагондарды техникалық байқаудан өткізу пунктінің комсомолецтері поездарды шапшаң өңдеу және вагондардың босқа тұруын қысқарту үшін жарысуда. Жарыста байқаушы Түгелбай Майкутов, Төлеген Байтабеков, поезд вагон мастері Пернебек Сүлейменов алда келеді.

...бойынша арнаулы мұнаралардың көмегімен механикаландырады.

Қара жолдар, көпірлер тәртіпке келтірілуде. Предгорный ауданындағы Молотов атындағы, «Власть Советов» ауылшаруашылық артельдері қырмандарға және қоймаларға баратын жолдарды кәзірдің өзінде жөндеп болды. Өскемен —Меновное селосы жолдарын күрделі жөндеуге әзірлік жүргізілуде.

## Колхоздардағы пионер лагерьлері

ЧЕМОЛҒАН, (Алматы облысы), (ҚазТАГ). Қаскелең ауданындағы Фурманов атындағы колхозда пионерлер лагері ашылды. Онда колхозшылардың 50 баласы дем алады. Пионерлер лагерінде ас пісіретін орын, асхана, спорт алаңы жабдықталған. Лагерь мектептерде оқу басталғанға дейін жұмыс істейтін болады. Быйыл пионерлер лагерьлерін, сол сияқты, Буденный атындағы, Калинин атындағы, Жамбыл атындағы колхоздар да ұйымдастырады.

## Жаңа мәдениет және демалыс парктері

ОРАЛ. (ҚазТАГ). Кеше қаланың орталығында екінші мәдениет және демалыс паркі ашылды. Оған Фурманов атындағы парк деген ат берілді. Жаңа паркте жазғы «Орал» кинотеатры, оқу залы бар кітапхана, сауда орындарының сеті, түрлі ойындар ойнайтын және би билейтін алаңдар бар. Парк ашылған күні эстрадада көркемөнер дарындыларының коллективі концерт берді.

## „Денсаулық цехы“

АЛҒА, (Ақтөбе облысы), (ҚазТАГ). Ақтөбе химия комбинатының жұмысшылары мен қызметшілері Алға физикалық емдеу орнын «Денсаулық цехы» деп атайды. Мұнда Ключевое ауданындағы жоғары шипалық ерекшелігі бар балшық кеңінен пайдаланылады. Емдеу орнында балшықпен, сумен емдейтін және басқа да бөлімшелер бар.

Пікірлер және ұсыныстар жазатын кітапшаға емдеу орнының қызметкерлеріне көптеген алғыстар жазылған.

## МАШИНАЛАР МТС МАСТЕРСКОЙЫНДА ДАЙЫНДАЛДЫ

КӨКШЕТАУ. (ҚазТАГ). Облыста егін жыйнауға әзірлік басталды. Быйыл әрбір колхоздың дала бригадаларында механикаландырылған қырман жабдықталады, мұнда астықты бункерден алудан қоймаға құйғанға дейінгі барлық жұмыстар машинамен атқарылады. Астық артатын машиналар, веялкалар, астық пульттері монтаждалуда және дайындалуда.

Зеренді МТС-нің механизаторлары өздері қамтыйтын әрбір колхозда өз күштерімен қырмандар жабдықтауды қолға алды. Машина-трактор станциясы веялкалар мен сортировкалар дайындауға кірісті. МТС мастерскойында осындай алғашқы үш машина жасалды. Олардың беріктігі жақсы, өнімділігі жоғары.

## Малшыларды дәрігерлік көмекпен қамту

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Сарыарқа даласына алыстағы жайлаудан санитарлық авиацияның самолеті қайтып оралды. Хирург Николай Федорович Голобев науқас екі шопанға дәрігерлік көмек көрсетті, фермада бірнеше лекция оқыды.

Николай Романович Пак, Нығмет Есентайұлы Нұғманов, Анна Васильевна Магросова және санитарлық авиацияның басқа да дәрігерлері алыстағы 15 мал жайлымның малшыларын қамтыйды. Быйыл олар Жайсан, Терсекей, Хан-Тау, Қарабөгет мекендерінде бірнеше рет болып, жергілікті медицина қызметкерлеріне консультациялар берді.

Жайылымдағы малшыларды дәрігерлік көмекпен қамту ісі үздіксіз жақсартылуда. Алыстағы мал жайылымдарында үстіміздегі жылы жаңадан 16 медициналық және аптечкалық пункттер ұйымдастырылды. Кәзір әрбір жайлауда медициналық мекеме бар. 11 колхозаралық орталық мал жайылымдықтарында амбулаториясы, ауруханасы және әйелдер босанатын үйі бар дәрігерлік участоктер салынды.

## Жазда картоп егу

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). Облыста жазда картоп егу басталды. Картоп отырғызу тұңғыш рет тек қана шаршы-ұялап отырғызу әдісімен жүргізілуде. Талдықорған ауданындағы Сталин атындағы, «Заря коммунизма» ауыл шаруашылығы артельдері картоптың «лорх» сортын жақсы өңделген және тыңайтылған жерге егуде. Яровизацияланған тұқыммен бірге ұяға жергілікті тыңайтқыш салынады. Бұл екі колхоздың екеуі де өткен жылы жазда картоп отырғызылған алаңнан өнімді көктемде отырғызылған картоптан бір жарым есе артық жыйнады.

Быйыл облыс колхоздары 400 гектар жерге жазда картоп отырғызады, — бұл өткен жылғыдан 5 есеге жуық артық.

## 3 миллион гектар тың көтерілді

Қазақ ССР-нің колхоздарында, совхоздары мен жылқы заводтарында 3 миллион гектар тың және тыңайған жерлер жыртылды.

1955 жылдың егісіне арнап кәзірдің өзінде 1.620.000 гектар тың және тыңайған жер дайындалды. Пар жыртылған алаңдарға ықтырма дақылдар себу өрістетілуде. Бұл маңызды және сыналған агротехникалық шараға республикада зор маңыз берілуде. Колхоздар мен совхоздар быйыл өткен жылғыдан әлде қайда көп алаңға ықтырма егеді.

Жаңа жерлерді жырту, еселеген қарқынмен жүргізілуде. Бұл жұмысқа МТС-тер мен совхоздарға келген жаңа техника қосылуда.

(ҚазТАГ).

...жас мамандары. Жас мамандар Донбасқа, Оралға, Сибирьге және Қыйыр Шығысқа жолдама алды.

Арнаулы орта оқу орындары алдымыздағы оқу жылы 440 мың жастар мен қыздарды қабылдайды, бұл өткен жылға қарағанда әлде қайда көп. Тек қана ауыл шаруашылығы үшін мамандар дайындайтын техникумдар 88 мың адам қабылдайды. 1400-ге жуық техникумдар орта мектептің толық курсын бітіргендер үшін арнаулы оқу жоспарлары бойынша топтар ұйымдастырады. Жаңа оқу жылы техникумдар 100 мыңға жуық Х класс бітірушілерді қабылдайтын болады.

35 орталық баспа быйылғы жылы арнаулы орта дәрежелі оқу орындары үшін 6 миллион данадан астам тиражбен 246 оқулықтар және оқу құралдарын шығарады. Атап айтқанда, ауылшаруашылық техникумдары үшін кәзірдің өзінде «Селолық электр станциялары және оның көмекші станциялары», «Ағаш өсімдіктері және питомниктер», «Жалпы зоотехника» және басқа да оқулықтар шығарды.

(СОТА).

## Ауыл шаруашылығы үшін

ССРО Қара металлургия министрлігі ауылшаруашылық машиналарына запас бөлшектер дайындау үшін қосымша бірнеше мың тонна жоғарғы сортты металдар бөлді. Комбайнға, шөп жыйнайтын және басқа да ауылшаруашылық машиналарына қосымша бөлшектер шығаратын заводтар бұрын белгіленген жоспардан тыс, жүздеген тонна құрал -саймандарға лайықталған, көміртегілік, жұқа және ірі сортты болаттар, 4,5 мың тоннаға жуық құйылған шойындар, мың тонна болат темірлер, термикалық пештер үшін көптеген нихромдар алады. Бұлардан басқа ауыл шаруашылығының қосымша қажеттері үшін 900 тонна қара металдан жасалған болттар мен винттер босатылды.

Металлургиялық кәсіпорындарының бұл өнімдері жуырда қажетті жерлерге жіберілетін болады.

(СОТА).

## Қыйыр Шығыс краб аулаушыларының ірі табыстары

ВЛАДИВОСТОК, 2 июль. (СОТА). Қыйыр Шығыс краб аулайтын флотилияның коллективі, жүзбелі консерв заводтарын жақсы пайдалану үшін жарысқа түсе отырып, ойдағыдай өндірістік табыстарға ие болды. Олар жартыжылдық жоспарға қосымша 200 мың пұт Тынық мұхит крабын аулады және оны өңдеді, бұл өткен жылдың бірінші жартысына қарағанда 1,5 есе көп.

Барлық жүзуші заводтар жартыжылдық тапсырманы орындады, ал ірі краб консерві заводы «Всеволод Сибирцев» өткен жылғы осы уақытқа қарағанда екі есеге жуық артық өнім берді. Флотилия коллективі балық аулау маусымының аяғына дейін жоспарға қосымша 380 мың пұт краб аулап, оны өңдеу үшін жарысуда.

# ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

## Қоғамдық дәулетті арттыру жолында

Ленин ауданындағы «Бұлақ» ауылшаруашылық артелінде өткен жылы ауылшаруашылық жұмыстары саласында көптеген кемшіліктерге жол берілді. Колхоз дәнді дақылдардан жоспарлы өнім ала алмады. Сол сықты, колхозшылардың еңбеккүні үшін берілген астықтай және ақшадай ақы да өте аз еді. Колхоздың жылдық табысы жоспарда көрсетілгендегіден әлде қайда кем болды. Сонымен қатар, колхозда еңбек тәртібі де нашарды. Әсресе, белгіленген минумум еңбеккүн таппаған колхозшылар көп болатын.

Колхоздың бастауыш партия ұйымы артель өмірінде орын алып отырған бұл кемшіліктерді жою шараларын белгілеп, оны жүзеге асыруға қызу кірісті. Әсресе, колхозды ұйымдастыру-шаруашылық жағынан нығайту, соның негізінде, колхозшылардың материалдық әл-ауқат дәрежесін жақсарту жөнінде партия ұйымы арнаулы мәселе көтеріп, ол туралы нақтылы шаралар белгіледі.

«Бұлақ» колхозы партия ұйымының құрамында 21 коммунист бар. Быйылғы жылғы есеп беру- сайлау жыйналысында колхоз коммунистері Мақымов жолдасты партия бюросының секретары етіп сайлаған болатын. Сол сықты, партия бюросының мүшелері болып таңдаулы колхозшылар- коммунистер сайланды.

Партия ұйымының ұйымдастыру, үгітбұқаралық жұмыстарын ойдағыдай жүргізуі нәтижесінде, сөйтіп, колхозшыларды шаруашылық міндеттерді дер кезінде орындауға жұмылдыру арқасында колхоз дәнді және отамалы дақылдар егу жоспарын аудан бойынша бірінші болып бітіре алды.

Көктемгі егіс маусымы кезінде колхоз партия ұйымының инициативасымен территориялық және мектеп партия ұйымының коммунистері әрбір дала және трактор бригадаларына бекітіліп, егіншілер арасында үгіт -бұқаралық және мәдениағарту жұмыстарын жүргізді. Территориялық партия ұйымының секретары Ыбыраев жолдас көктем егісінің алғашқы күнінен бастап трактор және дала бригадасының егіншілері арасында үгіт- бұқаралық жұмыстарды қызу жүргізді. Ол колхоздағы лекторлар тобын басқарып, механизаторлардың социалистік жарысының кең өрістеуіне көмектесті. Мәселен, ол әрбір күн сайын механизаторлардың күнделік жұмыс қорытындыларын шығарып, оларды көрсеткіш тақталарына жазып отырды. Озаттардың жұмыс тәжрибелерін насихаттауды, кемшіліктерді әділ сынауды өз ісінің әдетіне айналдырды.

Қоғамдық малға берік жемшөп қорын дайындау күресінде де Ыбыраев жолдас пішеншілер арасында ойдағыдай жұмыс істеп жүр. Әсресе, кеңалымды шөп машиналары машинистерінің арасындағы социалистік жарысты кең өрістетуде ол өзінің көктемгі егіс кезіндегі әдісін қолдануда.

Колхоз партия ұйымының басшылығы- [illegible] нәтижесінде Бұлақ жетіжылдық

тор бригадасында қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктарды мазмұнды шығарып отырады. Бұл бригадада СОКП Орталық Комитеті сентябрь және февраль-март Пленумдары қаулысының орындалуы жөнінде 13 рет лекция оқылып, баяндамалар жасалды. Сол сықты, бригадада көрсеткіш тақталар ұйымдастырылған. Онда механизаторлардың еңбектегі көрсеткіштері жазылады.

Колхоз партия ұйымының коммунист үгітшілері Жантуғанов, Калиев, Қоспанов жолдастар үгіт- көпшілік жұмысын мазмұнды ұйымдастыру нәтижесінде әрбір тракторшының күнделік жұмыс нормасын асыра орындап отыруына жетісуде.

Коммунист Жантуғанов жолдас үгітші болып істейтін трактор бригадасы Куйбышев МТС-і көлемінде көктемгі егісті бірінші болып аяқтады. Қазір бригада 1955 жылдың егісі үшін пар жырту жоспарын орындауға жуық. Бұл трактор бригадасының бригадирі Тәшенов, озат тракторшы Нұрғалиев жолдастар колхоз партия ұйымының жалпы жыйналысының қаулысы бойынша бірауыздан СОКП мүшелігіне кандидаттыққа қабылданды.

Колхоз партия ұйымының басшылығымен колхозшылар қоғамдық малға берік жемшөп қорын жасау ісін де қызу жүргізуде. Пішеншілер колхоздың еңбек даласында өздерінің қажырлы еңбектерімен кезге түсуде. Мұнда шөп шабу, жыю және оны мал қораларының жанына тасу жөніндегі график үнемі орындалып отырады. Сол сықты, шабу мен маялау арасында алшақтықтың болмауына да баса назар аударылған.

Партия ұйымы колхозды-ауылды көркейту және қоғамдық мал басы үшін жаңа қоралар салу ісіне де басшылық етуде. Қазір мұнда арнаулы құрылыс бригадасы жұмыс істейді. Оның құрамында 15 адам бар. Құрылыс бригадасы қазірдің өзінде 500 бастық қой қорасын салып бітірді.

«Бұлақ» ауылшаруашылық артелінің быйылғы жылы ауылшаруашылық жұмыстарында зор табыстарға жетуінде колхоз бастауыш партия ұйымының атқарған авангардтық ролі ерекше. Коммунистер жұмыстың барлық салаларында белсенділік көрсетіп, колхозшы бұқараны партия мен үкмет алға қойып отырған міндеттерді орындауға жұмылдыра білді.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының «Көктемгі егістің қорытындылары, егінді күту туралы, егін жыйнауға әзірлік және 1954 жылы ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын орындауды қамтамасыз ету туралы» қаулысын колхозшы шаруалар зор саяси және өндірістік өрлеу үстінде қарсы алды. Қазір колхоз партия ұйымы колхозшылардың бұл белсенділігін қызу қолдап, егіннен мол өнім алу, қоғамдық малға берік жемшөп қорын жасау жөнінде көтеріңкі міндеттемелер қабылдады.

## Қос басындағы әңгіме

Кешкі сағат 6. Дәл осы уақытты Ленин атындағы МТС-тің қамтуындағы Аманкелді атындағы колхоздың егіс даласында жұмыс істейтін № 5 трактор бригадасының мүшелері әдетте асыға күтеді.

Белгілі мерзімнен кешікпей қолында бір будақ газет, журналдары және станция бойынша социалистік жарыстың қорытындысы жарияланған бюллетені бар үгітші- коммунист машиналарын сменаға дайындап жатқан тракторшылар мен тіркеушілердің мәдени қосына келді. Ол мұның алдында жыртылған жерлерді аралап, оның сапасын байқаумен бірге, бригада есепшісінен тракторшылардың бүгінгі күні орындаған жұмыстарының қорытындысымен танысқан-ды.

Үгітші мен механизаторлар арасындағы алғашқы сөз еліміздің өміріндегі зор оқыйға—СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысынан басталды.

—Жақсы келдің үгітші жолдас,—деді трактор бригадасының бригадирі Бәдірелден Сәдуов, —біз сізді күндегіден де асыға күттік.

Үгітші трактор бригадасының бригадирі Сәдуовпен бірге машиналарды аралап, техникалық күтімнің сапасын байқады. Олар әрбір тракторшыдан бүгін Отан үшін, партия үшін не істедіңдер деген талап қойған сықты. Мұны аңғарған механизаторлар күндізгі сменадағы жұмыс нәтижелерін мақтан етіп жауап беруде.

—Отан алдында, партия алдында борышты болғымыз келмейді. Менің бүгінгі көрсеткішім—7 гектардың орнына 10 гектар, —деген «НАТИ» тракторының тракторшысы Сердалин жолдастың сөзі совет адамдарына тән патриоттық сезіммен естілді.

—Ал, жігіттер, бері келіңдер, отырайық! —деп, тракторшылардың қажырлы еңбегіне разы болған Сәдуов, оңжақтағы көк майса көгалді нұсқады.

Үгітшінің әңгімесі басталды.

—Бүгінгі әңгіме СОКП Орталық Комитетінің «Көктемгі егістің қорытындылары егінді күту туралы, егін жыйнауға әзірлік және 1954 жылы ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын орындауды қамтамасыз ету туралы» қаулысы жөнінде деп хабарлады үгітші.

Мұнан кейін үгітші Пленум қаулысының қысқаша мазмұнын баяндады. Ол қаулының текстін газеттен оқуды ұсынды.

—Партиямыздың Орталық Комитеті егінді күту, шөп шабу, егін жыйнау жұмыстарын үлгілі ұйымдастырудың зор маңызы бар екенін атап көрсетіп, ауылшаруашылық қызметкерлерін еңбектегі жаңа табыстарға шақырды, —деді үгітші, Сондықтан біз, механизаторлар, дала жұмыстарын жүргізуде еңбек өнімділігін еселеп арттыра беруге, техниканы тиімді пайдалануға міндеттіміз.

Әңгіме мал азығының берік базасын

## Ауыл-селодағы сауда жаңа талапқа сай болсын

☆

### ҚАЗАҚ ССР ТҰТЫНУШЫЛАР КООПЕРАЦИЯСЫНЫҢ VI СЪЕЗІНЕН

☆

Коммунистік партия мен Совет үкметі советтік сауданы өрістете беруге үнемі қамқорлық жасап келеді. Мұның өзі сауда орындарына жіберіліп отыратын товар мөлшерінің үздіксіз көбейтілуінен, азық-түлік және өнеркәсіп товарлары бағасының үнемі кемітілуінен, сауда орындары жүйесінің көбеюінен көрініп отыр. Қазақ ССР тұтынушылар кооперациясының жақында болып өткен VI съезі партия мен үкметтің осындай қамқорлығы арқасында істелген жұмыстарды қорытындылап, ауыл- селоларда сауда жұмысын жақсартудың жолдарын белгіледі.

Қазақстан тұтынушылар одағы басқармасының жұмысы туралы есепті баяндама жасаған басқарма председателі Царев жолдас және жарыссөзде сөйлеген делегаттар съездің назарын тұтынушылар кооперациясының жұмысындағы келелі мәселелерге аударды.

Соңғы жылдары селолық сауда көзге көрінерліктей едәуір жақсарды. Есеп беріп отырған уақыттың ішінде товар айналымы 3.3 есе ұлғайды. 1948 жылмен салыстырғанда өткен жылы ондаған миллион сомның көпшілік қолды товарлары жоспардағыдан артық сатылды. Тек үстіміздегі жылдың бірінші жартысында миллиондаған сомның товары жоспардан тыс сатылды. Тұтынушылар кооперациясының быйылғы жылға белгіленген товар айналымы 1950 жылғыға қарағанда 94 процент өседі. Сауда орындарының жүйесі көбейіп, финанс жағынан нығаюда, экономикалық көрсеткіштер бірқалыпты жақсаруда.

Алайда, баяндамада және жарыссөзде сөйлеген делегаттардың сөзінде атап көрсетілгеніндей, ауыл- селолардағы сауда жұмысы әлі де тұтынушылар талабына сай емес. Тұтынушылар кооперациясы ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «Совет саудасын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын жүзеге асыруда елеулі кемшіліктерге жол беріп отыр.

Селолық сауданы ұйымдастырудағы үлкен кемшілік тұтынушылардың қазіргі талаптарын ескермеуде, товарларды қалай болса солай бөлуде болып отыр. Осының салдарынан бір жерде үйіліп жатқан товарлар екінші бір жерде табылмайды, товарларды жеткізуде үзілістер жиі болып тұрады. Мысалы, Павлодар облыстық тұтынушылар одағы товарларды бөлгенде аудандардың экономикалық ерекшеліктерін, тұтынушылардың тілектерін ескермейді. Ал, шынында, бұл облысқа тың және тыңайған жерлерді игеруге мыңдаған механизаторлар келді. Олар сауда орындарынан кирза және резина етіктерін жеткізуді талап етті. Осыған қарамастан облыстық тұтынушылар одағы 1954 жылға жасаған заявкасында осы товарларды мүлдем көрсетпеді. Сол сықты Қостанай, Жамбыл облыстық тұтынушылар одақтары да көбінесе сауда орындарына товардың бір түрін ғана жібереді.

—Товарларды бөлуді жоспарлауда, —деді делегат Копылов жолдас, —Қазақ[illegible]

тұтынушылар кооперациясының алдына өте орынды талаптар қойды.

—Қазір біз, тұтынушылар, —деді ол, —көзімізге көрінген товарларды ала бермейміз, таңдап, талғап аламыз. Ал, ауданның магазиндеріне жақсы тігілген киім аз келеді, көп товарлар табылмайды. Біз мұндай киімдерді қалалардан іздеуге мәжбүр боламыз.

Съезде тың және тыңайған жерлерді игеріп жатқан аудандардағы сауда жұмысының жағдайы көп әңгіме болды. Мұның өзі орынды да. Өйткені, елімізде астық өндірісінің молшылығын жасау жолындағы бүкілхалықтық іске үлес қосу—әрбір сауда қызметкерінің ең бірінші міндеті. Партия мен үкмет тың жерлерді игеретін аудандарда сауда жүргізу үшін жүздеген миллион сомның азық- түлік және өнеркәсіп товарларын қосымша жіберді. Бірақ, осы товарларды сатуды ұйымдастыруда кооперативтік сауда орындары жұмысты өте шабан істеп отыр.

Жарыссөзде сөйлеген делегаттар Климов, Сафонов, Юдин, Барабаев, Писеуков, Мәулетов, тағы басқалар тың жерлерді игеретін аудандарда сауда ұйымдастыру ісіне Қазақстан тұтынушылар одағының басқармасы қанағаттанғысыз басшылық етіп отырғанын дұрыс сынады. Басқарманың аппараты жұмысты жаңа талапқа сай құра алмай отыр. Басқарма басшылары Царев, Жармұхамедов, Кац, Кузенкова жолдастар мұндай маңызды жұмысқа жанды басшылық етудің орнына тек орын алып отырған фактілерді тізбектеумен, жергілікті сауда орындарына көмектесу жөнінде уәде берумен қанағаттанады.

—Тың жерлерді игеруге байланысты, —деді делегат Пилявский, —Ақмола облыстық тұтынушылар одағы кейбір товарлардың қорын толықтыру жөнінде Қазақстан тұтынушылар одағы басқармасының алдына мәселе қойды. Біздің осы ұсынысымыз бір ай бойы шешілмеді. Ақырында аяқсыз қалды. Осының салдарынан тың жерлерді игеруге келген механизаторлар, ауыл шаруашылығының қызметкерлері қажетті товарлармен дер кезінде қамтамасыз етілмеді.

Тұтынушылар кооперациясының басшылары сауда қызметкерлерін іріктеп алуға, орналастыруға, оларды тәрбиелеуге жете көңіл бөлмейді. Бұл системада кадрларды жиі- жиі ауыстыру, қалай болса солай іріктеп алу үйреншікті әдетке айналған. Тек өткен жылдың өзінде республика бойынша аудандық тұтынушылар одағы председательдерінің 35,5 проценті, облыстық тұтынушылар одағы басқармасы председательдерінің 28 проценті ауыстырылған.

Бірқатар облыстарда сауда қызметкерлерінің кадрлары тамыр- таныстық, ағайындастық көзқараспен іріктеледі. Мұның өзі сауда орындарына кейбір алаяқтардың, [illegible]

перациясының съезінде бұл мәселеге тиісті назар аударылмады. Баяндамашы Царев жолдастың өзі мұндай маңызды мәселенің төңірегінде сын мен өзара сынды өрістетуге үлгі көрсетпеді, кемшіліктердің себептеріне талдау жасамады. Ал, Оңтүстік Қазақстан облыстық тұтынушылар одағы басқармасының председателі Салбәкіров, Жамбыл облыстық тұтынушылар одағы басқармасының председателі Уәлиев жолдастар бұл облыстарда кооператив мүлкін талан- таражға салуға жол беріліп отырғанына қарамастан, оған ешқандай мән бермеді, қайта оған дәлел іздеуге, сөйтіп делегаттардың назарын басқа жаққа аударуға әрекеттенді.

Басқарма көп қаулы қабылдайды, бірақ олардың орындалуын ұйымдастырмайды. Съезде мынадай мысалдар келтірілді. Тек өткен жылдың өзінде ғана Қазақстан тұтынушылар одағының басқармасы облыстарға 36.378 пакет, 15.243 телеграмма жіберген. Аппаратта қағаздар тасқыны әлі де кемитін емес. Тұтынушылар одағы басқармасының басшылары, жауапты қызметкерлері облыстардың, аудандардың мұқтаждарын ескермейді. Командировкаға барғанда нақты көмек көрсетпейді, кейбір фактілерді жыйнап алып, қайтуға асығады.

—Быйыл Көкшетау облысының Рузаев ауданына, —деді делегат Тайжанов, —Қазақстан тұтынушылар одағы басқармасы председателінің орынбасары Жармұхамедов, совхоздар секциясының председателі Ривин жолдастар келді. Бұлар бізге көп жәрдем береді деп дәмелендік. Бірақ, іс жүзінде олай болмады. Бұлар барлық жағдайды көре тұра ешбір көмек бермеді, іспен ат- үсті танысты да, қайтып кетті.

Съезде Қазақстан тұтынушылар одағының дайындау басқармасының, совхоздар секциясының, сауда басқармасының атына өте орынды сындар айтылды. Бұл басқармалардың жұмысындағы кемшіліктер дәлелді, батыл сыналды. Бірақ, осы басқармалардың басшылары Мықтыбаев, Ривин жолдастардың съезде сөйлеген сөздері делегаттарды қанағаттандырмады. Бұлар өз жұмыстарына сын көзімен қарамайтындықтарын, әділ сынды мойындап, одан тиісті қорытынды шығаруға батылы жетпейтіндігін аңғартты.

Тұтынушылар кооперациясының съезі сауда жұмысының толғағы жеткен елеулі мәселелерін шешті. Бірақ, кітап саудасын жүргізу, сауда қызметкерлері арасында социалистік жарыс ұйымдастыру, комиссиялық сауданы өрістету сықты маңызды мәселелерге баяндамашының да, жарыссөзде сөйлеген бірқатар делегаттардың да жеткіліксіз назар аударғандарын атап өту қажет. Мұның өзі Қазақстан тұтынушылар одағының, оның жергілікті орындарының бұл іспен тыянақты шұғылданбай отырғанын көрсетеді.

Съездің тұтынушылар кооперациясының жұмысын жақсартуға бағытталған қаулы қабылдады. Қазақстан тұтынушылар одағының 1954 жылғы 1 январьға дейінгі балансын бекітті, Қазақ ССР ту[illegible]

мектебінің оқытушылары да еңбекшілер арасында үгіт- бұқаралық, мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізуде қажырлылықпен еңбек етуде. Оқытушылар тың және тыңайған жерлерді игеріп жатқан № 3 трак-

колхоз партия ұйымының басшылығы- мен «Бұлақ» колхозының колхозшылары бұдан былай да жаңа табыстарға жете беретін болады.

Қ. САЛЫХОВ.

## Күн тәртібі—балалар яслилері туралы

Әйелдер —колхозда үлкен күш. Алайда, Соколов ауданының бірқатар колхоздары, атап айтқанда, «Путь Ильича», «Путь коммунизма», «Қазақстан» Молотов атындағы колхоздардың басшылары әйелдердің өндіріске толық қатысуын қамтамасыз ету үшін балалар яслилерін ұйымдастыру ісіне мән бермей келді. Бұл колхоздарда балалар яслилері жеке колхозшылардың үйлеріне, немесе колхоз басқармасының кеңсесіне орналасқан. Яслилерде ыдыс-аяқ, төсек- орын жеткіліксіз. Сауда ұйымдары балалар яслиі үшін жарма, қант, басқа да дәмді тағамдар товарларын сатуды естен шығарған.

Жақында аудандық партия комитеті колхоздарда балалар яслилерінің жайы туралы мәселе қарап, бұл жөнінде қажетті шаралар белгілеп қаулы алды. Аудандық партия комитеті өзінің қаулысында егінді күту, жемшөп дайындау, егін жыйнауға әзірлік сыяқты жұмыстарға әйелдерді кеңінен қатыстыру үшін колхоз басқармалары мен бастауыш партия ұйымдарының секретарьларын әрбір колхозда балалар яслилерін ұйымдастыруға, онда балаларды күтуді және тазалық жұмыстарын жақсартуға міндеттеді.

жасауда, егінді баптап күтуде, оны жыйнауға үлгілі әзірленуде, егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастыруда болып отыр. Біз жұмыс істейтін колхозда, жасыратыны жоқ, шөп шабу науқанының қарқыны өте баяу жүргізілуде. Міне бұл олқылықты жою, сөйтіп, мал азығының берік базасын жасау—біздің алдымызда тұрған басты міндеттердің бірінен саналады.

Аудандық партия комитетінің мүшесі, трактор бригадасының бригадирі Сәдуов жолдас бригаданың мүмкіншіліктерін есептей келіп, Пленум қаулысына жауап ретінде әрбір трактормен 650 гектар жер жұмыстау, жанар, жағар майдың 5 процентін үнемдеу, бригада 1475 гектар шөп шабу жөнінде социалистік міндеттеме алуды ұсынды. Бұл ұсынысты тракторшылар қызу қуаттады.

Қ. КӨПБАЕВ.

өзі жаман үлгі көрсетіп отыр. Товарлар облыстарға дұрыс бөлінбейді. Жақсы товарлар көбінесе орталық қалаларда қалып қояды, шалғай аудандарға жеткізілмейді. Осының салдарынан Қарағанды облысының Қу, Шет сыяқты алыс аудандарында мебель, мақта- мата кездемелері сыяқты товарлар үнемі жетіспейді.

Семей облысының, Ново- Покров ауданынан келген жарнашы, делегат Заикина жүкін талан- таражға салуына, ұрлауына соқтырып отыр. Мынадай мысал келтірудің өзі жеткілікті. Тек өткен жылы республикада 18 миллион 700 мың сом желініп кетті. Ал быйылғы жылғы бірінші тоқсанда тағы да 5 миллион сомнан аса қаржы талан- таражға түсті.

Кадрларды іріктеудегі, кооператив мүлкін сақтаудағы осындай өрескел кемшіліктерге қарамастан тұтынушылар коо- тұтынушылар ... өзгерістер енгізді. Қазақстан тұтынушылар кооперациясы советі мен басқармасының, тексеру комиссиясының жаңа құрамын сайлады.

Съездің жұмысына Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары Тәжиев жолдас және Орталық тұтынушылар одағы председателінің орынбасары Бородин жолдас қатысты.

## ССРО ТҰТЫНУШЫЛАР КООПЕРАЦИЯСЫНЫҢ СЪЕЗІ

2 июльде ССРО тұтынушылар кооперациясы өкілдерінің IV съезі өзінің жұмысын онан әрі жүргізді.

Президиумға К. Е. Ворошилов, Г. М. Маленков, А. И. Микоян, В. М. Молотов, Н. С. Хрущев және А. Н. Косыгин жолдастардың келуін делегаттар мен съезге қатысушылардың бәрі қызу және ұзаққа созылған овациямен қарсы алды.

Съезде Орталық тұтынушылар Одағы басқармасы мен тексеру комиссиясының есепті баяндамалары талқылануда. Делегаттар көптеген сын ескертпелер жасап, село халқын саудамен қамтуда орын алған кемшіліктерді жою және оны жақсарту мақсатына бағытталған практикалық ұсыныстар енгізуде.

Орталық тұтынушылар Одағы басқармасы мен тексеру комиссиясының есепті баяндамаларын талқылауға барлығы 56 адам қатысты.

Кешкі мәжлісте съезд Орталық тұтынушылар Одағы басқармасының председателі И. С. Хохловтың қорытынды сөзін тыңдады.

(СОТА).

*Насихатшылар мен үгітшілерге көмек*

# Коммунистік партия Ұлы Отан соғысы жылдарында

Мұнан 13 жыл бұрын, Батыстағы оңай жеңістеріне мастанған есуас неміс-фашистері Совет Одағына қарсы өздерінің қылмыстық сәтсіз жорығын бастады. Бүкіл прогрессшіл адам баласына, еліміздің халықтарына қатерлі болған бұл күн гитлершілердің қарақшылық империясының құруының басталған күні болды. Коммунистік партияның басшылығы арқасында совет халықтары мен оның қарулы күштері Батыста реакцияшыл күштердің штабы болған неміс- фашистерін күйрете талқандап, өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалды, адамзатты фашистік құлдық хауіпінен құтқарды.

Совет Одағының екінші дүниежүзілік соғыстағы тарихи жеңісі халықаралық майдандағы күштердің арасалмағын социализм мен демократияның пайдасына түбірімен өзгертті. Социалистік мемлекет соғыстан бұрынғысынан да анағұрлым қуатты ел болып шықты, оның халықаралық беделі бұрынды- соңды болмаған дәрежеде артты. Қазір ССРО бейбітшілік, демократия мен социализм үшін күрескерлердің сенері мен сүйенер тірегі болып отыр.

Дүниежүзілік реакцияшыл күштердің дем беруімен неміс-фашистерінің біздің социалистік Отанымызға опасыздықпен кенеттен қарақшылық шабуыл жасауы совет халқы мен оның қарулы күштері үшін орасан тарихи сын болды. Жау біздің елімізде ұзақ уақыттан бері даярланған тек өзінің армиясы мен сыбайластарының армиясын таңа емес, бүкіл Европаның дерлік өнеркәсібін пайдаланды. АҚШ пен ағылшын бізге одақтас болғанда алған өз міндеттемелерін опасыздық етіп, өрескел бұзып, екінші майданды ашпай, гитлерлік командованиенің совет-герман майданына жаңа резервтерін үсті- үстіне жіберуіне мүмкіндік беріп отырды. Американ және ағылшын миллионерлерінің ақшасымен жасалған неміс- фашистерінің сұмдық соғыс машинасына қарсы күресті Совет қарулы күштері жекпе-жек жүргізді.

Неміс- фашистері бұл соғыста еңбекшілердің социалистік мемлекетін құртып жіберуді, елде помещиктер мен капиталистердің өкметін қалпына келтіруді, совет халықтарын неміс империалистерінің құлына айналдыруды көздеген есуастық жоспарды қауырт соғыс арқылы жүзеге асыруға дәмеленген еді. Коммунистік партия бұл соғыстың мақсатына, сыйпатына, түріне ғылми талдама берді. Совет халықтарының қас, күшті, рақымсыз жауы — неміс- фашистерінің бастап отырған соғысының империалистік басып алып- тонаушылық — әділетсіз соғыс екенін, ал ССР Одағы жағынан бұл соғыс әділетті —Отан қорғау соғысы екенін көрсетіп берді. Коммунистік партия совет халқы мен оның қарулы күшіне Отанымызға төнген өте зор хауіпті түсіндірумен бірге дұшпанды жеңудің программасын да жасап берді.

Коммунистік партия бастаған көп ұлтты совет халықтары сүйікті Отанды қорғауға ұйымшылдықпен біркісідей аттанып, еліміздің барлық материалдық және рухани мүмкіншіліктері мен күштерін халқымыздың мызғымас берік, моральдық- саяси бірлігі мен достығын, жалынды советтік патриотизмін неміс- фашистерінің тонаушылық моральна қарсы қойды.

Көп ұлтты совет халықтарының неміс-фашистеріне қарсы Ұлы Отан соғысының алғашқы кезінен-ақ орасан зор халықаралық маңызы болды. Бұл соғыста совет халқы мен оның қарулы күштері өз Отанының ар-намысын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғай отырып, сонымен бірге өзінің қасиетті интернационалдық борышын орындады, бүкіл адамзатты фашистік құлдыққа түсу хаупінен қорғады, XX ғасырдағы адам заттың қолы жеткен цивилизациясын қорғады.

Ұлы Отан соғысының әділетті-ардақты мақсаттары халқымызды жексұрын жауға қарсы күресте ерлік істерге, қаһармандық істерге жігерлендірді. Коммунистік партияның басшылығы мен совет халқы ұрыс майдандарында және тылда ерліктің, батырлықтың, табандылықтың, өз Отанына шын берілгендіктің соғыстар тарихында болып көрмеген үлгілерін көрсетті. Халқымыз Коммунистік партия мен Совет үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтасты.

Коммунистік партияның алдын- ала болжап көрегендікпен жүзеге асырған елімізді социалистік жолмен индустриаландыру, ауыл шаруашылығын коллективтендіру саясаты арқасында, партиямыздың талай ауыр сындардан өткен данышпандық басшылығы арқасында халық шаруашылығын соғыс жағдайына бейімдеп, қысқа мерзім ішінде қайта құруға, елімізді біртұтас соғыс лагеріне айналдыруға мүмкіндік берді. Коммунистік партияның басшылығымен еліміздің жұмысшылары, колхозшылары, интеллигенциясы өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, ғылым мен техника саласында қажырлы еңбек етіп, армиямызды қазіргі заманның озат соғыс техникасымен, азық-түлікпен, өнеркәсіпті шикі затпен қамтамасыз етіп отырды. Совет қарулы күштері соғысты ойдағыдай жүргізу үшін не керектің бәрін ала отырып, жауды орны толмас шығындарға ұшыратып, оларға қансырата аса күшті соққылар берді.

Коммунистік партия Совет Армиясының соғыстың алғашқы кезінде уақытша сәтсіздікке ұшырау себептерін ашты, осыған байланысты Отанымызға төнген хауіпті көрсетумен қатар, жауды жеңудің стратегиялық және тактикалық жоспарын жасап жүзеге асырды. Европа елдерін елеулі кедергісіз жаулап алып, масайраған фашист- басқыншылар біздің елде мықты қарсылыққа ұшырады. Соғыстың алғашқы кезінде армиямыз Отанды белсенділікпен қорғаудың тактикасын жүзеге асырды. Совет жауынгерлері Отанымыздың ар-намысы мен бостандығы үшін, тәуелсіздігі үшін жанқыярлықпен күресіп, жаудың есуастық шабуылын бірінен соң-бірін тоқтата берді. Аса маңызды стратегиялық бағыттарда жауға қарсы шабуылдар және атақалар жасаумен қатар, елімізді белсенділікпен қорғай отырып, фашистік армияның шабуыл жасау күшін нашарлатты, Германияның «қауырт соғыс» стратегиясын күйретті. Октябрь ішінде, жау өте көп шығындарға ұшырағанына қарамастан, еліміздің көп жеріне, соның ішінде Москва облысының шегіне енді. Бұл соғыстың бірінші дәуіріндегі ең қатерлі жағдай болды. Москваға тікелей хауіп төнді. Бірақ, дәл осы жерде жау тұңғыш рет ойсырап жеңілді.

Коммунистік партияның данышпандық басшылығы және Совет қарулы күшінің теңдесі жоқ патриоттығы мен батырлығы осы кезде күштің арасалмағын ССР Одағының пайдасына өзгерте бастады. АҚШ пен Англия империалистерінің опасыздық жасап, екінші майдан ашпауына қарамастан Совет Армиясы батыл шабуылға көшуіне қолайлы жағдай жасады.

Совет әскерлері неміс-фашист армиясын Ленинград, Тихвин, Ростов түбінде де талқандады. Стратегиялық маңызы бар, бұл қалалардың маңында Герман соғыс күштеріне күйрете соққы берілген тарихи шептер болып табылады.

Бұл неміс- фашист армиясы жеңілмейді деген ертегінің күлін көкке ұшырды және Совет Армиясының алғашқы ірі шабуылының бастамасы болды.

Осыдан кейін соғыстың барысы неміс- фашистерінің ойлағанындай болып шықпағандығын дәлелдей берді. Ең алдымен, неміс- фашистерінің Совет тылының, совет халықтарының моральдық-саяси жағынан осал деген шындыққа жанаспайтын болжауын жоққа шығарды. Соғыстың барысы біздің еліміздегі жұмысшылар мен шаруалардың одағы, ССРО халықтарының достығы бұрынғыдан да нығая түскендігін көрсетті. Неміс-фашистерінің күштері әлсіреп, совет елінің күштері барған сайын еселеп арта берді. Сонымен, енді соғыстың тағдырын тұтқыйылдық сыяқты өткінші жағдай шешпейтіні, керісінше, оны тылдың беріктігі, армияның моральдық халі, дивизиялардың саны мен сапасы, армияның қару- жарағы, армияның басшыларының ұйымдастырушылық қаблеті сыяқты баянды күші бар факторлар шешті.

Баянды қуатты күші бар факторлардың ролі туралы партиямыздың данышпандық қағидасының орасан зор теориялық және практикалық маңызы ерекше болды. Осы шешуші факторларды дұрыс еске ала отырып, партия мен үкмет ең басты күшті, бар мүмкіншілікті негізгі стратегиялық міндеттерді шешуге жұмсады, өйткені, соғыстың жеңіспен аяқталуы осы міндеттерге тығыз байланысты болды.

Советтік қоғамның баянды күші бар факторлары фашистік Германияның мүмкіншіліктерінен артық және берік екені анықтала берді. Соғыстың алғашқы екінші жылының өзінде- ақ, неміс-фашистерінің армиясының соғыс техникасының саны жөніндегі басымдылығы толық жойылды. Совет армиясының техникалық күш- қуаты үздіксіз артып, неміс-фашист армиясы мен, оның итаршыларының армиясына күйрете соққы беріп, оларды талқандай берді.

Бірақ, жараланған жау зұлымдана түсті.

Гитлершіл Германия майданға өзінің резервтері мен өзінің одақтастарының әскерін әкеп төгіп, Европада екінші майданның жоқтығын пайдаланып, 1942 жылдың жазында шабуыл әрекеттерін қайтадан бастады. Гитлершілдердің бұл жазғы шабуылының мақсаты —Москваны шығыс жақтан орағытып алу, оны Орал мен Еділ жақтағы тылынан бөліп тастау, біздің майданды бөлшектеу, армия мен еліміздің негізгі мұнай қоры — Бакуден айыру, сөйтіп, біздің Отанымыздың астанасына қайтадан соққы беру еді. Көп шығынға ұшырай отырып, немістер Кавказ тауларының етегіне, Еділге, Сталинградтың іргесіне таялды.

Ұлы Сталинград ұрысы басталған кезде елімізге жаңадан қатерлі хауіп төнді. Доңбасс пен қоса бүкіл Украинаның, Курск Воронеж, Ростов облыстарының және Краснодар өлкесінің бірсыпыра аудандарын неміс басқыншылары оккупациялап алған еді. Жаудың көптеген қалың әскері өте маңызды мұнайлы аудандарға төніп келе жатты.

Коммунистер партиясы гитлершілердің көздеген жоспарларының алдына ағасырын ашып, жауды жеңудің кілті Сталинград төңірегінде екенін ерекше көрсетті.

Коммунистер партиясы мен Совет Үкметінің қолданған шарасы мен нұсқауы совет халқы мен жауынгерлерінің жүрегін жеңіске сөзсіз жету сеніміне бөлендіріп, жеңістің программасын нақты көрсетіп берді.

Совет Армиясының алдына жаудың ілгері басуына жол бермеу, жауға соққы беруге қажымай- талмай, ынта-жігермен әзірлену міндетін қойды... «Қызыл Армияның жаңа соққыларының күшін жаудың білетін күні алыс емес. Мереке күні бізде де болады» деді Сталин жолдас.

Коммунистер партиясының басшылығымен майданда да, тылда да ұлы даярлықтар жүріп жатты. Коммунистер бұл қозғалыстың алдыңғы қатарында болды. Жұмысшылар мен колхозшылар майдан үшін соғыс өнімін мол шығаруды, армия үшін азық- түлік өндіруді арттыра түсті. Тамбов колхозшыларының бастамасы бойынша елімізде Совет Армиясының қорына қаражат жыйнау жөніндегі кең қозғалыс өрістеді, социалистік жарыстың туы жоғары дәрежеге көтерілді.

Неміс- фашист армиясының батар күні болған Сталинград түбіндегі ұрыста жаудың екі армиясын қоршап қолға түсіру, одан кейін Кавказ тауларының етегінде, Воронеж жанындағы Герман майданын талқандау, Ленинград түбіндегі блокаданы бұзып өту соғыстың бүкіл барысына зор өзгеріс туғызды. Мұнан кейін соғыстың барысын өз пайдасына бұруды көздеп Гитлершілдердің ақырғы жасаған әрекеті Курск ұрыстарында неміс топтарының талқандалуы, Украинаның сол жағалауын азат ету және Днепр үшін болған табан тірескен ұрыстар, міне, Сталинград ұрыстарынан 1943 жылдың аяғына дейін Ұлы Отан соғысының барысында негізгі бет бұрыс туған екінші дәуір болып табылады. Бұл

# Кезінде, сапалы әзірленген пар—мол өнімнің негізі

★ ★ ★ ★

## Жауапты міндет

Семиполка МТС-нің Стрельбицкий, Ледовских жолдастар басқарған трактор бригадаларының мүшелері Жамбыл атындағы колхозда (Октябрь ауданы) жұмыс істеп жүр. Бұл бригадалардың құрамы негізінен партияның шақыруы бойынша тың және тыңайған жерлерді игеруге Кубаньнан келген механизаторлармен толықтырылған. Кубаньдықтар егіннен мол өнім алуда жаңа табыстарға жетіп келе жатқан егіншіліктің шеберлері екені бүкіл елімізге мәлім. Міне, солардың бір тобы бұл бригадалардың мүшелері де егіннен мол өнім алудың негізін қалау жолында еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп келеді.

Екі бригаданың мүшелері де колхоздағы алғашқы жұмыстарын көктемде тың және тыңайған жерлерді жыртудан, өңдеуден, оған тұқым себуден бастады. Мол өнімнің қайнар бұлағы болып саналатын бұл аса құрметті міндетті олар абыроймен орындап шықты. Колхозда осы көктемде 700 гектар тың жер жыртылып, оған тұқым себілді. Сөйтіп, колхоздың биылғы егісінің жалпы көлемі 4050 гектарға жеткізілді. Егіс агротехникалық ережелерге сай қысқа мерзімде өткізілгендіктен, қазір оның өніп- шығуы өте жақсы. Бұл іске Стрельбицкий, Ледовских жолдастар басқарған бригадаларының қосқан үлесі аз емес.

Қазір бұл бригадалар пар жырту жұмысында. Колхоз биыл 2000 гектар пар жыртуға тиіс. Бұл аз жер емес. Сондықтан механизаторлар пар жыртуды тез аяқтау үшін өзара социалистік жарысты кеңінен өрістетуде. Жарыста Стрельбицкий және Ледовских жолдастар басқарған бригадалар алда келеді. Екі бригада июльге дейін 1700 гектардай пар жыртты. Пардың жыртылу сапасы өте жақсы. Барлық жыртылған жерлерді колхоз председателі Қ. Ырыспаев, МТС-тің участоктік агрономы К. Махметов жолдастар және егіс бригадаларының бригадирлері көріп, агротехникалық ережелерге сай жұмысталған деп қабылдады. Пар жыртуда тракторшылар, кубаньдықтар Кузнецов, Иванов жолдастар зор табыстарға ие болуда. Бұлар тракторларын техникалық жақсы күтімде ұстау арқылы оны тоқтаусыз жүргізіп, сменалық тапсырмаларын асыра орындап жүр.

Колхоз биыл 3000 гектарға жуық зябь жыртуға тиіс. Механизаторлар пар жыртуды және оны өңдеуді аяқтасымен зябь жыртуға кіріспек. Кузнецов, Иванов жолдастар пар жыртуда қандай алдыңғы қатарда болса, зябь жыртуда да сондай алда болу үшін бригада мәжлісінде көтеріңкі міндеттеме қабылдады. Колхоз басқармасы зябь жыртылатын участоктерді ерте жоспарлап белгілеген-ді, оны трактор бригадаларының бригадирлері жақсы біледі.

Алайда, колхозда елеулі кемшіліктер де бар. Мұнда озаттардың тәжрибесін насихаттау, оны көпшіліктің игілігіне



Партияның шақыруы бойынша Маленков атындағы астық совхозына келген краснодондық Михаил Зуденко парды дискелеуде тапсырманы біржарым есе орындайды.

СУРЕТТЕ: **М. Зуденконың** парды дискелеп жүрген агрегаты.

Суретті түсірген **А. Розенштейн**.

## Пар жырту жоспары орындалды

Совет астық совхозының коллективі өткен жылы пар мен зябьті мол дайындады. Бұл биылғы көктемгі егіс кезінде ауылшаруашылық дақылдарын негізінен дайын жерге орналастыруды қамтамасыз етті. Сонымен бірге, көктем кезіндегі жұмыстарды едәуір жеңілдетті және егіс жұмыстарын қысқа мерзімде өткізуге қолайлы жағдай жасады.

Коллектив егісті аяқтасымен техника күшін келесі жылдың егістері үшін пар жыртуға қосты. Совхоз дирекциясы партия, комсомол ұйымдары және мамандар пар көтеруге техника қуатын өнімді пайдалануды ойдағыдай ұйымдастыра білді. Тракторлардың екі сменада тоқтаусыз жұмыс істеуі қамтамасыз етілді. Механизаторлар машинаның техникалық күтімін жақсартып, уақытты өнімді пайдалана отырып, сменалық тапсырмаларын толық және асыра орындап келеді. Осының нәтижесінде совхозда жоспарланған 5340 гектардың орнына, 5600 гектар пар көтерілді, мұның 2500 гектары тың жер есебінен жыртылды.

Пар көтерудегі механизаторлардың өзара социалистік жарысында № 2 бөлімшенің механизаторлары алда келеді. Бұл бөлімшеде пар жыртудың белгіленген жоспары едәуір артық орындалды. Көптеген тракторшылар смена сайын тапсырмаларын 115—120 процент орындап жүр. Ал, А. Шулец жолдас «С—80» тракторымен сменасында біржарым норма орындауға жетісті. Мұндай жоғары көрсеткішке № 4 бөлімшенің тракторшылары П. Нилов, А. Чеботаров, М. Омаров жолдастар да ие болып келеді.

Совхозда жоспардан тыс пар жырту жұмысы әлі де қызу жүргізілуде. Сонымен қатар, 14 трактормен жыртылған пар тырмалануда және дискеленуде. Жақында совхоздың барлық бөлімшелерінде де парға ықтырмалы егіс егу жұмысы жаппай басталады.

* * *

Пар жыртудың белгіленген жоспарын Возвышен совхозының № 3 бөлімшесінің механизаторлары да толық орындады. Бөлімшеде келесі жылдың егісі үшін 2255 гектар пар көтерілді. Мұның 1605 гектары тың және тыңайған жерлерден жыртылды.

Қазір бөлімше механизаторлары парды күтіп- баптау жұмыстарын агротехникалық ережелерге сай жүргізуде.

* * *

Суворов атындағы МТС -тің (Конюхов ауданы) механизаторлары машина қуатын өнімді пайдаланудың тамаша үлгісін көрсете отырып, келесі жылдың егістері үшін пар жыртудың жоспарын ... социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, техника қуатын іскерлік пайдаланудың шеберліктерін көрсете отырып, парға ықтырма егуді алғашқы күннен бастап ...

## Ықтырма егу жоспарын мерзімінен бұрын орындаймыз

Біздің ауданның жағдайында егіннен, әсресе, дәнді дақылдардан мол өнім алу топырақта ылғалдың мол болуына тікелей байланысты. Сондықтан да егіс алаңына ылғалды мол сақтаудың маңызды шараларының бірі парға ықтырма егу болып табылады. Мұның өзі дайындалған парға қысқы уақытта қардың көп тоқтауына мүмкіндік туғызады.

Қазір МТС бойынша 12 мың гектарға жуық пар жыртылды. Сонымен қатар, жекелеген колхоздарда тың, тыңайған және бұрыннан пайдаланылып келген жерлерге жыртылған парды баптау, оған ықтырма егу жұмыстары ойдағыдай жүргізілуде. Мәселен, «Совет» ауылшаруашылық артелінде жұмыс істейтін Махиня жолдас басқарған трактор бригадасының мүшелері жыртылған парды жұмсатып, тырмалау жұмысын аяқтауға жақын. Сол сияқты, «Борьба за коммунизм», «Еркіндік», «Игілік», Ленин атындағы колхоздарда да парды баптау жұмысы қызу қолға алынды.

Мұнымен бірге, парға ықтырма егу жұмысына да ұйымшылдықпен кірістік. Бұл жұмыс, әсресе, «Көктерек» колхозында ойдағыдай жүргізіліп келеді. Мұнда № 11 трактордың тіркегішіне 18 тырма мен бір сеялка тіркелген. Мұның өзі пар

## Сауда жүйесіндегі бұрмалаушылық дереу жойылсын

Сауда жұмысын жақсы біледі, жұмысшылар мен қызметкерлердің өскелең тілектеріне сай жұмыс істейді, совхоз адамдарына қажет товарларды уақытында жеткізуді ұйымдастырар деген үмітпен Октябрь аудандық тұтынушылар одағында товаровед болып істеген И. Побрус жолдасты аудандық партия комитеті жаңа ұйымдасқан Докучаев атындағы совхозға жұмысшылар кооперациясының председателі етіп жіберген болатын. Бірақ, И. Побрус жолдас жұмысшылар мен қызметкерлердің одан күткен тілектері мен талаптары дәрежесінен шықпады, аудандық партия ұйымының оған көрсеткен сенімін ақтамады. Ол өзінің жеке басының мүдделерін совхоз коллективінің мүдделерінен жоғары қойды. Олай дейтініміз — совхоз жұмысшыларына келген товарларды ол өзінің жақындарына, тамыр- таныстарына тарататын болды.

Побрус жолдас тек қана 16 июнь күні аудандық тұтынушылар одағы қоймасынан совхоз жұмысшыларына деп арналған товарлардың ішінен: бір іс машинаны, екі мотоциклді, бір радиоқабылдағышты, бір велосипедті, төрт примусты аудан орталығы— Марьевкада, өзінің бұрынғы қызметтес жолдастары мен тамыр-таныстарына таратып беріп, совхозға тек ол товарлардың фактурасын ғана алып қайтқан. Бұл жөнінде совхоздың жұмысшылар комитеті мен жұмысшылар кооперациясының тексеру комиссиясы тексеріс жүргізіп, Побрустың заңсыздық істерін анықтады. Тексеру комиссиясының тексеріс қорытындысы Октябрь аудандық тұтынушылар одағының председателі Юндин жолдасқа берілген еді. Бірақ, әзірге ешқандай қорытынды шығарылған жоқ, осы беталысына қарағанда іске пайдалы қорытынды шығарылады деп күту қиын.

Өйткені, Октябрь ауданында тың және тыңайған жерлерді игерушілерге келіп жатқан товарларды Петропавлдан Марьевкаға, Марьевкадан жаңа совхоздар мекендеріне жеткізу ісі өте нашар. Аудандық тұтынушылар одағының председателі Юндин бұрынғы керенау қалпын өзгертпестен жұмыс істеуде. Оның жұмысынан аудандық партия комитеті мен аудандық Советке сан рет берген уәделерін ойдағыдай орындағанын көре алмай келеміз.

Ал, аудандық партия комитетінің секретары Кундеренко мен аудандық Совет аткомінің председателі Мусин жолдастар сауда жұмысына бірқалыпты басшылық жасамайды, олар аудандық тұтынушылар одағы басшыларының қателіктері мен кемшіліктерін көрсетіп жүр. Бірақ, кемшілікті жоюдың және қайталамаудың нақтылы шараларын ұйымдастырып, ауыл -селолық жерлерде совет сауда жұмысының жақсаруына жанды көмек көрсете алмай келеді. Кундаренко мен Мусин жолдастар аудандағы сауда мәселесінің жайын аудандық тұтынушылар одағы мен жергілікті сауда орындарына барып, олардың қызметкерлерімен әңгімелесіп, сұрастырып, анықтаған емес, олар мұны көбінесе, қағаз арқылы, телефон арқылы білуге тырысады. Ал, мұның сауда жұмысына әсері керісінше болып отырғаны мәлім.

Келешекте Октябрь ауданының партия, совет ұйымдарының басшылары сауда жұмысына басшылықтың стилін жақсартуға, сөйтіп, бүкіл ауданда, әсресе, тың және тыңайған жерлерді игеретін совхоздарда сауда жұмысын жақсартуға жетісуге міндетті.

**А. ЖОЛДЫҒАРИН,**
**(Өз тілшіміз).**

## Балалар яслиін ашуға көңіл бөлінбей отыр

«Культурный пахарь»— Приешім ауданындағы көп салалы ауылшаруашылық артельдерінің бірі болып саналады. Бұл колхоз тек үстіміздегі жылдың өзінде ауылшаруашылық дақылдарының барлық түрін қоса есептегенде 6 мың гектарда астам егін септі. Енді артельдің алдында осы жазғы маусымда 5 мың гектар пар және зябь жырту, оның ішінде 3700 гектар тың жер көтеру, 420 гектардан астам шөп шабу, егінді баптап-күтіп өсіру және деркезінде жыйнап алу, қоғамдық мал үшін жылы қоралар салу міндеттері тұр.

Колхоз председателі Д. Коваленко, бастауыш партия ұйымының секретары Г. Родионов жолдастар бұл міндеттердің барлығы да өте жауапты міндет екендігін өте жақсы түсінеді. Мәселе, еңбекке жарамды колхозшыларды колхоз өндірісіне түгелдей қатыстыруда болып отыр. Бірақ, колхоз басшылары алда тұрған осы сияқты саяси- шаруашылық маңызы зор ... мей келеді. Артельде ерлерді қоспағанда еңбекке жарайтын 169 әйел бар. Олардың дені жас баласы бар аналар. Жас баласы бар әйелдерді колхоз өндірісіне жаппай және белсене қатысуларына балалар яслиінің қандай маңызы бар екені мәлім.

Артельдің жылдық өндірістік жоспарында балалар яслиіне арнап туғандардан бөлінетін қаражаттан басқа бес мыңнан астам сом қаржы бөлу қаралып отыр. Амал не, колхоз председателі Коваленко, партия ұйымының секретары Родионов жолдастардың жете мән бермеуінен балалар яслиі әлі күнге дейін ашылған жоқ. Осы себепті үстіміздегі жылдың бірінші жарты жылдығында еңбекке жарамды, жас баласы бар 15 әйел тиісті еңбеккүн минимумын тапқан жоқ.

Айта кету керек, «Культурный пахарь» колхозында балалар яслиін ұйым...

...ті колхозда бар күш-мүмкіншіліктің өзі іске сарқа пайдаланылмай келеді. Социалистік жарыстың орындалуы кезінде жыйнақталмайды. Көрсеткіш тақтасы мен қабырға газеттері сирек шығарылады. Осы кемшіліктер болмағанда, ішкі резервтер толық пайдаланылғанда, бұл колхозда пар жырту аяқталып, ендігі зябь жыпту басталған да болар еді.

Колхоз басқармасы және партия ұйымы келесі жылғы егіннен мол өнім алудың тағы бір негізгі шарасы—парға ықтырма егу жұмысымен шұғылданбай отыр. Ал, мұнда ықтырма егуді қажет ететін жерлер көп.

Егіннен мол өнім алу мүддесі, МТС, колхоз басшыларынан бұл кемшіліктерді дереу жоюды талап етеді.

**Ғ. НҰРОВ.**

...дарда 7.800 гектардан астам пар көтерілді. Оның 2.600 гектары тың және тыңайған жерлер есебінен жыртылды.

Механизаторлар СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысын оқып, танысқаннан кейін еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыра түсті. Олар колхозшылармен тығыз ынтымақтаса отырып, егінді, парды күту, отамалы дақылдардың қатарараларын баптау, оларды қосымша қоректендіру, пішен дайындау жұмыстарын бір- бірімен ұштастыра қызу жүргізіп келеді.

МТС механизаторлары келесі жылы дәнді дақылдардан мол өнім алу мақсатымен станция қамтуындағы барлық колхоздарда дайындалған парда ылғалдың мол сақталуы үшін күресуде. Олар өзара ...

...сай жүргізді. Осының нәтижесінде МТС қамтуындағы колхоздар ықтырма егу жөнінде белгіленген жоспарды 1 июльге дейін толық орындап шықты. Ықтырма егуде, әсресе, «Новый путь» колхозындағы Курбатов жолдас басқаратын трактор бригадасының механизаторлары Максимов, Шырясов, Штанин жолдастар еңбектің жоғары көрсеткіштеріне ие болды. Сол сияқты, Мичурин атындағы, «Колос», «Путь Ленина» колхоздарының колхозшылары мен механизаторлары жұмысты ынтымақтаса істей отырып, ықтырма егуді, оған икемдетіліп қайта жабдықталған трактор сеялкаларымен агротехникалық ережелерге сай аяқтап шықты.

**Б. ЖАҚЫПОВ.**

**(Өз тілшіміз).**

...егісінің тұқымын себуге мүмкіндік береді. Парға ықтырма егу жұмысы МТС қамтуындағы басқа колхоздарда да тыңғылықты жүргізілуде.

МТС механизаторлары СОКП Орталық Комитеті Пленумының 1954 жылғы 24 июньдегі қабылдаған қаулысын зор қуанышпен қарсы алып, станция қамтуындағы барлық колхоздарда ықтырма егу жоспарын жоғары агротехникалық дәрежеде 5 июльде аяқтамақ болып міндеттенді. Бұл күндері трактор бригадалары өзара социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, алған міндеттемелерін орындау жолына барлық күш- мүмкіншіліктерін жұмылдыруда.

**Б. БОРЗАКОВСКИЙ,**

**Совет МТС-нің бас агрономы.**

... мәселесіне әлі күнге дейін жете мән бер- ... көрсетпей отыр.

**И. СМАҚОВ.**

*„Ленин туының“ дабылынан кейін*

## „Сауда орнында тәртіп жоқ“

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 7 майдағы номерінде «Сауда орнында тәртіп жоқ» деген тақырыпта мақала жарияланды. Онда Совет ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының 3-бригадасындағы дүкеннің жұмысындағы кемшіліктер атап көрсетіліп, Ивановка селолық тұтынушылар қоғамы мен Сартомар ауылдық Советінің председательдері Долгачев және Жұсыпов жолдастардың бұл сауда орнының бір қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселесімен жете шұғылданбай отырғандығы сынға алынған.

Газет сыны бойынша тексеріс жүргізгенде онда көрсетілген фактілер толығынан анықталды. Тексерістің қорытындысы Ивановка селолық тұтынушылар қоғамының басқарма мәжлісінде талқыланып, дүкеннің жұмысын жақсартуға бағытталған нақтылы шаралар белгіленді. «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының Қызылту участогінде 1 августқа дейін жаңа дүкен үйі салынып, жұмыс істей бастайды. Дүкен күнбе- күнгі тұрмысқа қажетті товарлармен бірге, аяқкиім, кездеме, тігулі киімдердің түр-түрлерін сататын болады.

**Е. НАЗАРОВ,**

**Совет аудандық атқару комитетінің сауда бөлімінің меңгерушісі.**

---

дәуір Совет Армиясының жеңімпаздықпен өткен жолының ең даңқты кезеңдері болып табылады.

Немістердің Курск түбінде талқандалуы соғыстың бұдан былайғы барысы үшін өте маңызды болды. «Егер Сталинград жанындағы ұрыс неміс- фашист армиясының батар күнінің хабаршысы болса, ал Курск жанындағы ұрыс оны апатқа ұшырайтын халге жеткізді»,— деді Сталин жолдас. Фашист құлдығынан советтің ондаған миллион адамдары азат етілді. Шабуылды өрістетумен алға басып бара жатқан Совет Армиясын кідіртуге қансыраған неміс армиясының енді қуаты жетпеді.

1943 жыл неміс- фашист басқыншыларға қарсы Ұлы Отан соғысы барысында негізінен өзгеріс болған жыл болды. 1944 жылғы ұрыстарды қамтыйтын үшінші дәуір —совет әскерлерінің шешуші жеңістерге жеткен дәуірі болып табылады. Бұл «он соққы» аталып, тарихқа кірді. Бұл он соққыны совет қарулы күштері жалғыз жүргізе берді. АҚШ пен ағылшын үкметтері ескі оппасыздық есебінде болды.

Немістер соғыстың барысында мықтап жараланды. Бірақ, зұлымдана түсіп, бүкіл майдан бойына берік қорғаныстар салып, онан Совет Армиясы өте алмайды деп сенді. Бірақ, он соққының дәуірі фашистік Германияның бүкіл соғыс машинасының іргесін қаусатты. Совет Армиясының шабуыл әрекеттерінің құлашы және күйреткіш сыйпаты ең жоғарғы сатыға көтерілді. Ленинград түбінде немістерді, Карелия және Қыйыр Солтүстікте финдерді талқандау, Украинаның оң жақ жағалауын және Қырымды азат ету, Белоруссиядағы герман майданының орталығын талқандау, Батыс Украинаны және Балтық жағасындағы елдерді азат ету нәтижесінде соғыс майдандары Германияның және оның одақтастарының жеріне көшірілді.

Совет жері неміс- фашист басқыншылардан толық азат етілді. Соғыс әрекеттері тұтасымен жау жеріне көшірілді. Осындай операцияның нәтижесінде Германияның Балкандағы одақтастары —корольдік Румыния, патшалық Болгария, реакцияшыл Финляндия мен Венгрия қатардан шығарылды. Румынияны және Болгарияны, Венгрияны азат ету класиктік шабуыл стратегиясының стилімен жүргізілді.

Совет қарулы күштері жаралы болған фашист айуанды, оның өз жатағында жоюға берік бел байлады. Коммунистер партиясы мен Совет Үкметінің «Берлиннің төбесіне жеңіс туын орнату керек» деген шақыруы совет халқы мен жауынгерлерді рухтандырып, тылда еңбек өнімділігін арттырып, майданда бұрын-соңды болып көрмеген шабуыл екпінін тудырды. Совет Армиясының күші мен қуаты ерекше көрініп, дүние жүзін таңдандырды. Совет Армиясы жалпы әскерлік ұрыстарда оперативтік маневрдің және тактикалық тәсілдердің барлық күрделі түрлерін жете меңгеріп, бұл кезде Шығыс Пруссияның және орталық бағыттағы —Висладан бастап Берлинге дейінгі ұзақ мерзімге есептеліп жасалынған жаудың барлық «Зигфрид линиясы»мен теңдес деп ойлаған бекіністерін қысқа мерзімде тастalқанын шығарып, бұзып өтті.

Берлин үшін болған ұрыс неміс-фашист әскерлерін толық талқандау және гитлершіл Германияны сөзсіз тізе бүгуге мәжбүр етумен аяқталды. Неміс-фашистік Германияны жеңген 1945 жылғы 9 майдағы Жеңіс күні совет халқына арнаған сөзінде Сталин жолдас былай деді: «Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін берген ұлы құрбандықтарымыз, соғыс кезінде халқымыздың көрген ұшан-теңіз азабы мен күйзелісі, Отанымызды қорғау үшін тылда және майданда істеген қажырлы еңбегіміз босқа кетпей, жауды толық жеңумен аяқталды».

Көп ұлтты совет халықтары және оның қарулы күштері Коммунистік партияның басшылығымен жауды талқандау міндетін ұлы абройменен орындады, Европа халықтарын фашистік құлдықтан және құлдық хауіпінен азат етті. Өзінің одақтастық міндеттемелерінен айнымайтын Совет Одағы фашистік Германия талқандалғаннан кейін өз қаруын империалистік Жапонияға қарсы жұмсады. Совет Одағының қарулы күштері миллиондаған квантун армиясын қысқа мерзімде талқандап, дүниежүзілік шапқыншылықтың шығыстағы ошағын жоюды аяқтады. Мұның өзі дүниежүзілік екінші соғыстың біздің тарихи жеңісімізбен жедел аяқталуына жеткізді.

Совет халқы мен оның жауынгерлері Отан соғысында мәңгі өшпейтін ұлы ерлік көрсетіп, өз Отанын қорғаумен бірге Европа цивилизациясын фашистік басқыншылардан қорғады, бүкіл дүние жүзінде демократия мен социализм күштерінің өсуіне көмектесті.

Ұлы Отан соғысындағы біздің тарихи жеңісіміздің негізі —советтік социалистік құрылыстың капиталистік құрылыстан өлшеусіз артықшылығының айқын бейнесі болды. Ұлы Октябрь революциясы туғызған социалистік құрылыс халқымызға және армиямызға жеңілмейтін ұлы күш берді.

Советтік қоғамдық құрылыс қоғамды ұйымдастырудың ең жақсы формасы болғандығын дәлелдеді, ол капиталистік қоғам құрылысынан артық екендігін ашық көрсетті. Ұлы Отан соғысындағы біздің жеңісіміз, ол біздің Советтік мемлекеттік құрылысымыздың жеңісі, біздің көп ұлтты Советтік мемлекетіміз соғыстың барлық сынынан мүдірмей өтті және өзінің өмірге бейімділігін көрсетті. Советтік мемлекеттік құрылыс көп ұлтты мемлекеттің үлгісі болып шықты, бұл мемлекетте ұлт мәселесі және ұлттардың ынтымақтастығының проблемасы басқа көп ұлтты мемлекеттің қайсысындағыдан болса да жақсы шешілгендігін дүние жүзіне көрсетті.

Бұл соғыста социалистік мемлекеттің армиясы, толық қазіргі замандағы қару-жарағы бар, өте тәжрибелі командирлер құрамы бар, жоғарғы дәрежелі моральдық- жауынгерлік қасиеттері бар армия жеңді. Неміс-фашистері мен империалистік Жапонияны талқандаған жеңіс —советтік ғылымның салтанаты болып табылады.

Ұлы Отан соғысындағы тарихи жеңіске көп ұлтты совет халықтары Коммунистік партияның дұрыс көрегендік саясаты арқасында, оның ұйымдастырушылық және рухтандырушы басшылығы арқасында жетті. Халық мүдделері үшін адал қызмет ететін Коммунистік партия барлық совет, шаруашылық және қоғам ұйымдарының жұмыстарына бағыт беріп, барлық совет адамдарының күшін бір мақсатқа —жауды талқандауға бағындырды. Бұл ССР Одағының Ұлы Отан соғысында тарихи жеңісінің шешуші шарты болды. Соғыс жылдарында партиямыз халықпен біте қайнасып, бұқарамен байланысын бұрынғыдан да күшейте түсті.

Коммунистік партия совет халықтарымен оның жауынгерлеріне соғыстың мақсаттарын түсіндіріп, оларды Отанға шексіз берілгендік рухында, халықтар арасындағы достық пен советтік патриотизм рухында, советтік және жауға өшпенділік рухында тәрбиеледі, олардың патриоттық және жауынгерлік рухын нығайтып, рухтандырып отырды.

Халықаралық империалистер әзірлеп, тұтандырған дүниежүзілік екінші соғыс өздері үшін күтпеген, болжанбаған нәтижелерге әкеліп соқты. Олар Совет Одағын жоюға, немесе ең болмағанда әлсіретуге, Европа мен Азияда халық бұқарасының азаттық қозғалысын тұншықтырып, өздерінің үстемдігін дүниежүзіне орнатуға тырысты. Іс жүзінде империалистердің бұл арам ниеті күйреді.

Совет Одағы соғысты бұрынғысынан да күшейіп және бұрынғысынан да нығайып аяқтады. Оның халықаралық беделі мен жағдайы бұрынды-соңды болып көрмеген дәрежеде ерекше өсті. Совет халқының тарихи жеңістерінің нәтижесінде, дүниежүзілік империализмнің шекарасы тарылып, дамуына тән барлық қайшылықтары шиеленісіп, онан сайын әлсіреді, демократия мен социализмнің күштері нығайып, өсе түсті. 800 миллион халқы бар демократия мен социализмнің қуатты лагері құрылып қалыптасты. Бұл лагерьде туысқандық тығыз бірлік жасап, совет халқымен бірге ұлы Қытай халқы, Болгарияның, Венгрияның, Румынияның, Албанияның, Польшаның, Чехословакияның, Герман Демократиялық Республикасының, Монгол Халық Республикасының туысқан халықтары социализм бағытында алға басып келеді.

Империализмнің тылы да ыдырауда. Ұлт, —азаттық қозғалысы барған сайын кең өріс алуда.

АҚШ бастаған, ішкі қайшылықтары барған сайын кернеп отырған, экономикасына төнген дағдарыстың әсерімен шайқалып, күйзеліп отырған агрессиялық империалистік лагерь өзі ұшыраған тұйықтан дүниежүзілік жаңа соғыс бастау жолымен құтылмақ болады. Халықаралық реакцияны бастап отырған АҚШ империалистері әртүрлі агрессиялық соғыс одақтарын құруда, Батыс Германия мен Жапонияны ремилитарландыруда. Өздерінің дүниежүзілік үстемдігін орнату жоспарларын жасап, олар ССРО-ға және халықтық демократия елдеріне қарсы соғысқа әзірленуде. Осыған қажетті барлық реакцияшыл шараларды қолдануда.

Совет халқы өзінің негізгі күштерін бейбіт құрылысқа жұмсауда. Коммунистік партия рухтандырып, басшылық етіп отырған совет халқы соғыстан кейінгі 4-ші бесжылдық жоспарды өз күшімен ойдағыдай орындады. Совет халықтары орасан зор жігермен және патриоттықпен бесінші жоспарды да ұлы абройменен жүзеге асыруда. Совет халқы Коммунистік партияның XIX съезі белгілеген басты міндеттерді— социализмнен коммунизмге бірте- бірте өту міндеттерін орындау жолында социалистік жарыстың туын жоғары көтеруде. Бұл бесжылдықты орындау —ССРО-ның социализмнен коммунизмге қарай өркендеу жолындағы жаңа ірі қадам болып, Отанымызды белсенділікпен қорғаудың экономикалық базасын онан сайын нығайтады.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль- март Пленумдарының тарихи қаулылары, сонымен қатар партия мен Үкметтің басқа қарарлары таяудағы 2—3 жылдың ішінде азық- түліктің жеткілікті қорын жасап, содан кейін азық- түлік молшылығын жасауға, халық тұтынатын заттармен халықтың қамтамасыз етілуін мықтап арттыруға мейлінше мүдделі болып отырған бүкіл совет халықтарының жауынгерлік программасына айналды. Совет елінің еңбекшілері сияқты Қазақстан еңбекшілері де партия мен үкмет белгілеген бұл шараларды жүзеге асыруға зор жігермен ұйымдасқан түрде кірісіп, социалистік жарысты өрістетуде.

СОКП-ның XIX съезі қабылдаған уставында «Советтік Отанды оның жауларының агрессиялық әрекеттерінен белсенді қорғау ісін мейлінше нығайта беруді» маңызды міндет етіп қойды. Ұлы Лениннің капиталистік қоршау болып отырғанда, империалистік жыртқыштардың біздің Отанымызға қарулы шабуыл хаупі де бола бермек, деген ескертуін совет халқы әрдайым естен шығармайды. Міндет— Отанымыздың қарулы күштерін келешекте де нығайта беру, жаудың қандай шабуылына болса да күйрете тойтарыс беру үшін оларды жауынгерлік әзірлікте ұстау керек.

ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдас сыртқы саясаттың басты міндеті —жаңа соғысқа жол бермеу, барлық елдермен бейбітшілікте өмір сүру екенін атап көрсетті. Коммунистік партия, Совет үкметі халықтар арасындағы бейбітшілік саясатын барлық халықтардың өмірлік мүдделеріне сай келетін бірден -бір дұрыс саясат деп танып, осы саясатты жақтайтығын ерекше көрсетті. Совет халқы соғысты тілемейді. Бірақ жаулар бізді соғысқа киліктіретін болса, олар қатты талқандалады. «...Дүние жүзілік үшінші соғыс дүниежүзілік капиталистік системаның қыйрауына себеп болады деп шамалауға дәлелдің бәрі түгел» (Г. М. Маленков).

Империалистердің соғыс өртін тұтандырушылары бұл болашақты есте тұтуға тиіс.

ССРО бейбітшіл күштердің американ империализмінің агрессиялық әрекетіне қарсы, халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдету жолындағы күрестің алдыңғы сапында болып отыр.

Коммунистік партия совет халқын социализмнен коммунизмге бірте-бірте өтудің зор міндеттерін мінсіз жүзеге асыруда қажырлылық, ұйымшылдық, іскерлік, қырағылық көрсетуге шақырады. Совет халқы Коммунистік партияның төңірегіне бұрынғыдан да берік топтаса отырып, өзінің барлық күші мен творчестволық жігерін елімізде коммунизм орнатудың ұлы ісіне жұмылдырады, коммунизмге қарай сеніммен алға баса береді.

**З. ...**

## Солтүстікте

лтүстіктен кетпеген,
тал қыстың ызғары.
зымен ептеген,
йеді жас қыздарды.

рын тіпті туғалы,
ітпеген есімін.
этеруге тыңдарды,
р жарында Есілдің.

оңды олар, жаурады,
айып тұңғыш шатырын.
артып ап қыр баурады,
атсынбай өз батырын.

ысы қатты боранда,
аздай болды Солтүстік.
краиндық адамға,
өрінді ол ең ыстық.

Сырбай МӘУЛЕНОВ.

## Қырға шықты құрдасым

Қырға шықты құрдасым,
Шықтым бірге, мен бірге.
Ақын Леся жырлары,
Тұрды есіліп өңірге.

Қайратымыз сонша мол
Жүрегіміз жыр екен.
Есіміміз—комсомол,
Стажымыз бір екен.

Тракторшы жан құрбым,
Қолы бекем рульде.
Рауандап таң нұры,
Жүгіреді өңінде.

Толқын, толқын жал қалды,
Оның өткен ізінде.
Көріп жанар арманды,
Толқыйды жал біздің де.

Құшаққа алып қыздарды,
Өсер тыңның гүл бағы.
Құрдас болсақ біздағы,
Ұқсар біздің жердағы.

Ізтай МӘМБЕТОВ.

## Еңбекшілерге дәрігерлік көмекті жақсартамыз

Мен өткен жылы Петропавлдағы фельдшерлік -акушерлік техникумды бітіріп, осы мамандық бойынша Рублевка селосына жұмысқа орналастым. Бұл менің белгілі бір мамандықпен селода бірінші рет жұмыс істеуім болатын. Мұның өзі менің өмірімдегі қуанышты, ең бір елеулі кезең болып есептеледі.

Рас, алғашқы кезде жұмыста көп кемшіліктерім болды. Жұмыс үстінде көп қыйыншылықтарға да кездестім. Бірақ та мен өзімнің көздеген мақсатыма жету үшін күрестім.

Ең алдымен селолық дәрігерлік пунктінің үйін өз дәрежесінде болуына ауылдық Совет пен колхоз басқармаларының алдына талаптар қойдым. Олар менің талабымды орындады. Селолық дәрігерлік пунктіне деген барлық жағдай туғызылды. Қазір дәрігерлік үй үш бөлмеге орна-

## КИНО

# „БАҚЫТ ОСЫЛАЙ КЕЛЕДІ“



«Бақыт осылай келеді» кинофильмінен кадр.

Қаладағы «Ударник» кинотеатрында Венгрияның мемлекеттік киностудиясы жасап шығарған «Бақыт осылай келеді» кинофильмі көрсетіле бастады.

Бұл кинофильмнің ең құндылығы сол— ол қазіргі өмір оқыйғаларын, Венгрияда Сталинварош атты бірінші социалистік қаланың салыну тарихын баяндайды. Қала құрылысымен бірге, оны салып жатқан құрылысшылардың да ойы марқайып, сана сезімі өседі. Ғасырлар бойы азап шегіп келген венгер халқы тек социалистік құрылыс кезінде ғана бар қабілетін еркін пайдаланып ,ел иесі өзі екенін жете түсініп, толық сезіне бастайды.

Экран ашылғанда бұталы ағаштың арасымен жан жағына алақтай қарап, жүгіре басып келе жатқан орта бойлы, әдемі жүзді келген деревня қызы көрінеді. Юли Гороштың өңінен әлде неге асыққандықтың, әрі қорыққандықтың реңі байқалады. Ол станцияға келіп вагонға мінгенде мұндағы жолаушылардың барлығы да Пентеледегі үлкен құрылысқа бара жатқандығы белгілі болады. Юлидің де ойы сол құрылысқа бару болса да, билет алуға қаражаты жетпейді. Бұл уақытта біртоп жолаушы жастар оған көмекке келеді.

Социалистік жаңа қаланың құрылысы қызу жүргізілуде. Мұнда Юлимен бірге, Орбан, Орбанның қарындасы—Анна, жастар бригадасының бригадирі—Мадараш және басқа жүздеген адамдар бар. Юли Мадараш басқаратын жастар бригадасында жұмыс істеп жүр. Ол бұрынғыдай емес, құрылыс жұмыстарын, кірпіш қалауды

ретары Орбан комсомолецтерді жаңа сек ек табыстарына жұмылдырады. Жұең стағы кемшілікке төзбей, оны жоюға, мы қалық табуға ынталанады.

жа Ал, Мадараштың (артист И. Шоош) незі Орбанға қарама- қарсы қойылған. мі л екі мінездің қайшы келуі фильм Бу ыйғасының шиеленісіп, шарықтау шеок е жетуін тездетеді. Мадараш тым өзім гі л, әйтсе де, жұмысқа жаны ашып, оны ш ріле істейді. Орбан бұрынғы бригада бе шелерінен жаңа бриганың бригадирм рін іріктеп алуды ұсынады. Мадараш л ған көнбей, селосына кетеді. Кейін өз б телігін мойындап, құрылысқа біраз к амдармен қайта оралады.

а Артистка Э. Папаи Аннаның Мадараш етердегі өзінің шын сүйіспеншілік сезі кін өте тартымды етіп береді. Мадараш ннаға өзімен бірге кетуді ұсынады. Бұл езде Анна бір жағынан көңіл қосқан жігіті Мадарашты, екінші жағынан коллективті, құрылысты қыймай катты толғаып, көгілдір көзі мөлдіреген ыстық жасен қаймақтанады. Жеке басының тілегінен гөрі қоғам қажетін жоғары қойған Анна құрылыста қалып қояды.

Кинофильмде туысқан Венгрияның социалистік ел болуын көре алмайтын жаулардың әрекеттері бейнеленеді. Ол Мичкеи және басқалары. Мичкеи Тиссаидың өзіне деген сүйіспеншілігін пайдаланып, құрылысқа администратор болып орналасады. Құрылыс материалдарын қастандықпен бөгеп, жұмысты ілгері бастыруға бөгет жасайды. Тіпті мәдениет үйінің ашылу құрметіне арналған кешке Мичкеи

## ЧЖОУ ЭНЬ-ЛАЙДЫҢ ДЕЛИДЕ ЖӘНЕ РАНГУНДЕ ЖҮРГІЗГЕН КЕЛІССӨЗДЕРІ ТУРАЛЫ ИНДОНЕЗИЯ БАСПАСӨЗІНІҢ ПІКІРІ

ДЖАКАРТА, 2 июль. (СОТА). Джакартаның саяси топтарында ҚХР Мемлекеттік әкімшілік советінің премьері және сыртқы істер министрі Чжоу Энь-лайдың Делиде және Рангунде жүргізген келіссөздерінің қорытындысы кеңінен талқылануда. Газеттердің көпшілігі халықтардың бейбітшілік және хауіпсіздік үшін күресінде Қытай Халық Республикасы ролінің өсіп отырғандығын баса көрсетеді. Осымен байланысты газет Қытайдың Біріккен Ұлттар Ұйымындағы заңды праволарын калпына келтіруге шақырады.

Бүтін Индонезия парламентінің екінші вице-председателі Картавинаттың Дели және Рангунде қол жеткен келісімдерді мақұлдайтын мәлімдемесі жарияланды. Картавинат: «Қытай Халық Республикасының табыстары, оның Женевадағы ұстаған жолы, Чжоу Энь-лайдың Индияда болуы—осының барлығының орасан зор маңызы бар».

Мұнан әрі ол ҚХР-дің ұстаған жолы Индонезияның толық тәуелсіздік алу үшін күресінде «Индонезияға үлкен көмек көрсетіп отыр» деп атап көрсетеді.

## «АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҰЛЫ ТІЛЕКТЕСТІГІ»

ПХЕНЬЯН, 2 июль. (СОТА). КХДР жұртшылығы Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік әкімшілік советінің премьері және сыртқы істер министрі Чжоу Энь-лайдың Индияның премьер-министрі Нерумен және Бирманың премьері У Нумен достық келіссөздері туралы хабарды зор мақұлдаумен қарсы алды.

Бүгін «Минчжу Чосон» газеті «Азия халықтарының ұлы тілектестігі» деген мақала жариялады. Онда былай делінген:

Чжоу Энь-лайдың премьер Нерумен және премьер У Нумен жүргізген келіссөздері Азияда және бүкіл дүние жүзінде халықаралық шиеленісті бәсеңдетуде және бейбітшілікті сақтауда үлкен мәні бар.

Газет былай деп жазады:

«Осы жағдайларда Азия ең алдымен өзара шекаралас елдер халықтарының арасындағы туысқандық пен тілектестіктің зор мәні бар. Қытай Индия және Бирма халықтарының арасындағы достықты нығайту Азияда бейбітшілік пен хауіпсіздікті нығайту ісіне ірі үлес қосатыны сөзсіз. ҚХР, Индия және Бирманың арасындағы достық қарым-қатынастар екі системаның бейбіт қатар өмір сүруі жөнінде барлық халықтарға үлгі бола отырып, екі система арасында соғыстың сөзсіз болмай қалмайтындығын насихаттап отырған соғыс өртін тұтандырушыларға күшті соққы береді. Жер шары халықтарының жартысынан астамы болып отырған Азия халықтарының тілектестігі Азияда бейбітшілік пен хауіпсіздікті қорғап қана қоймай, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік пен хауіпсіздік ісін нығайту ісіне үлкен үлес қосады».

## БЕРЛИННІҢ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ

# Түркияда соғыс әзірліктері күшейтілуде

КАИР, 29 июнь. (СОТА). Түрк баспасөзінің хабарларына қарағанда, Түркияның агрессиялық блоктерге қатысуына байланысты қазіргі уақытта оның территориясында кең көлемді соғыс әзірліктері өрістелуде; АҚШ-тан Түркияға соғыс жабдықтары үздіксіз келіп түсуде; соғыс-теңіз және соғыс-әуе базалары, стратегиялық тас жолдар, радарлық қондырғылар және басқа соғыс құрылыстары жедел қарқынмен салынуда. Сыртқы істер министрі Кепрюлюдің 24 февральда меджлисте мәлімдегеніндей, Атлантикалық блоктың ұйымы тарапынан берілген қаржының өзіне ғана түрк территориясында таяудағы уақытта 11 аэродром, 5 соғыстеңіз базасы, бес радарлық қондырғы және басқа бірқатар соғыс объектілері салынуға тиіс.

Қазіргі уақытта Түркияның территориясында 120-ға жуық соғыс аэродромдары мен азаматтық аэродромдар, самолет ұшып-қонатын алаңдар бар көрінеді, мұның өзі түрк авиациясына қажетті мөлшерден анағұрлым асып түседі.

Түркияда соңғы уақытта шетелдік қарулы күштердің қатысуымен көптеген соғыс маневрлері өткзілген. Сонымен қатар Түркия мемлекеттік бюджетінің 50 проценттен астамының соғыс мақсаттарына жұмсалып отырғаны да мәлім.

Түркиядағы бұл соғыс әзірліктерінің бәрі американ жоспарлары бойынша және американ басшылығымен жүзеге асырылуда. Анкарада АҚШ-тың көптеген тұрақты әскери және «экономикалық» миссияларының орналасып алғаны да жұртқа мәлім. Атлантикалық блок ұйымының Оңтүстік-шығыс командованиесінің штабы мен тактикалық авиация командованиесінің штабы Измирге орналасқан. Бұл штабтар орналасқаннан кейін Измир іс жүзінде АҚШ-тың соғыс базасына айналдырылған. Жуырда американдар Искендерунде ірі соғыс-теңіз базасының құрылысын аяқтаған.

Бүкіл түрк армиясы американ командованиесінің тікелей бақылауына беріліп, бұл командование түрк қарулы күштерінде әскерлердің жаңа түрлерін құруда. Мысалы, «Джумхуриет» газеті жуырда былай деп жазды: американдар «түрк армиясында НАТО-ның талаптарына (яғни АҚШ-тың талаптарына) сай келетіндей теңіздегі жаяу әскер бөлімшелерін құруды » жоспарлауда.

Түркияға берілетін соғыс жабдықтары үшін американ қаржысын бөлудің түпкі мәнін түсіндіре келіп, Даллес сенаттың сыртқы істер жөніндегі комиссиясында: Түркия 20 дивизияны жауынгерлік әзірлікте ұстап отыр деп мәлімдеген.

Түрк газеттерінің хабарларынан көрінгеніндей, Түркияда соғыс әзірліктерін күшейту туралы мәселе американ соғысқұмарлары өкілдерінің түрк үкметімен іс жүзінде тоқтаусыз жүргізіліп жатқан келіссөздерінің бірсарынды тақырыбы болып табылады. Соңғы үш айдың ішінде Түркияға осы мақсатпен американ генералдары Байерс, Шлеттер, Лоуренс, Крегги, Кендалл ,Кук, адмирал Рахтеллер және басқалары келіп кеткен.

Түркияның соғыс әзірліктері туралы келіссөздер жүргізу үшін Атлантикалық блоктың штабтарына және АҚШ-қа түрк өкілдері үнемі барып қайтуда. Соғыс әзірлігінің күшейтілуіне байланысты түрк баспасөзі Түркияның президенті Баярдың осы жылғы январь-февральда АҚШ-қа барған сапарына және Түркияның премьер-министрі Мендерестің июнь айының бас кезінде Вашингтонда жүргізген келіссөздеріне зор маңыз берді. Бұл келіссөздердің нәтижесінде АҚШ үкметі биылғы жылдың өзінде ғана Түркияға 740 миллион доллар мөлшерінде соғыс материалдарын жеткізуге уәде берген. Американың Түркияға «мырзалықпен» беріп отырған мұндай көп қаржысы АҚШ-тың агрессиялық жоспарларына сәйкес соғыс әзірліктерін жеделдетуге бағытталған. Түркияның Таяу және Орта Шығыстағы американ соғыс стратегиялық тірегіне айналдырылып отырғанын түрк баспасөзі барған сайын ашықтан-ашық мойындауда.

Түрк үкметінің соңғы кездегі шаралары Түркияның сыртқы саясатын американ агрессиялық жоспарларына онан әрі бағындырғандық болып табылады. Мұны Түркияның ресми адамдарының мәлімдемелері де дәлелдеп отыр. Мысалы, Түркия премьер-министрінің орынбасары Зорлу Вашингтоннан қайтып келгеннен кейін журналистердің: Индо-Қытайдағы соғысқа АҚШ араласқан күнде, Түркия оларды қолдай ма, деген сұрағына былай деп жауап берген: «Құрама Штаттардың коммунизмге қарсы күресу саясатын біздің қабылдап, толық мақұлдағанымызды еске алсақ, біздер үшін бұл мәселе жөнінде қабылданатын жаңа қарарларды қолдаудан басқа табиғи ешнәрсе де жоқ».

25 майда меджлисте жаңа үкметтің программасын жариялаған сөзінде Мендерестің өзі де елдің барлық ресурстарының Түркиядағы соғыс әзірліктерін онан әрі өрістету үшін пайдаланылатынын және армияға жұмсалатын қаржының бұдан былай да арттырыла беретінін растаған болатын.

## Гватемаладағы оқыйғалар

НЬЮ- ЙОРК, 2 июль. (СОТА). Юнайтед Пресс агенттігі тілшісінің Сан-Сальвадордан берген хабарына қарағанда, Гватемала хунтасының басшысы Монсон және басқыншылар отрядтарының басшысы Кастильо Армас кем дегенде Монсон Гва-

Ассошиэйтед Пресс агенттігі тілшісінің Гватемаладан берген хабары бойынша, Гватемаланың әртүрлі аудандарында хунтаға қарсы жұмысшылар мен шаруалар көтеріліс шығарған. Тілші Гватемала армиясы мен полициясы көтеріліс шығару-

ласқан. Оның бір бөлмесінде ауруларды қабылдаймын, екінші бөлмесі — амбулатория.

Селолық дәрігердің міндеті өте зор. Ол колхоздың барлық өндірісінде жұмыс істейтін адамдарды уақытында дәрігерлік көмекпен қамту керек. Менің қарамағымда 9 бөлімше бар. Олардың бәрін дұрыс қамту үшін ай сайын жоспар жасап отырамын. Жоспарда бір бөлімшеден екінші бөлімшеге бару мерзімдері көрсетілген. Мұнымен бірге әр бөлімшеде ауруларды қараумен қатар, өндірісте жұмыс істеп жүрген колхозшыларға қандай әңгіме, лекция оқуды белгілеймін. Мұның барлығы менің жұмысты жоспарлап істеп, оның қазіргі талаптар дәрежесінде болуына мүмкіндік туғызады.

Село дәрігерінің жұмысында әртүрлі жағдайлар кездеседі. Біріншіден, пункттің өзінде жұмыс істеу керек. Екіншіден, бригададағы адамдарды және жайлаудағы малшыларды қамту керек. Мұның өзі уақытты орынды пайдалануды қажет ететіндігі сөзсіз. Сондықтан да мен уақытты дұрыс пайдалануға көп назар аударамын. Жұмыс сағат 9 да басталып, кешкі 6 да бітеді. Бұл, әрине, мені қанағаттандырмайды. Міне, сондықтан таңертеңгі жұмысты 8 де бастасам, кешкі жұмысты көбінесе 6 да аяқтап, одан екі сағат дем алып, бір болмаса екі бригадаға барып келемін. Көктем егісі кезінде көбінесе трактор бригадаларында болдым. Өйткені, колхозшылардың көпшілігі егіс басында болды. Оларға үнемі дәрігерлік кеңес, әңгіме өткізіп отырдым. Мәселен, ас пісіруші адамдарға асты таза дайындау туралы, ауылшаруашылық травматизмімен күресу және басқа тақырыпта әңгімелер мен кеңес өткіздім.

Мұнымен бірге трактор бригадаларының бригадирлерімен үнемі «дәрігерлік бірінші көмек» деген тақырыпта кеңес өткіздім. Әр бригадада санитарлық аптечкалар бар. Онымен дұрыс көмек көрсету үшін бригададан екі-үш адамға бұл жөнінде кеңес беріп отыруды да әдетке айналдырдым.

Екінші бір мәселе, мал фермаларында әсресе, товарлы сүт фермасында санитарлық ережелерді дұрыс ұйымдастыру қажет. Рас, бұл жұмыс фермалардың көбінде дұрыс жүргізілмейді. Мәселен, Ленин атындағы колхоздың товарлы сүт фермасын алайық. Мұнда сауыншылар киетін халат болмады, онымен бірге сиыйр сауатын жердің өзі қолайсыз болды. Бұл туралы колхоз басқармасымен әңгімелесіп, бұл кемшіліктерді деркезінде жоюды талап еттім. Қазір фермадағы барлық сауыншылармен және басқа малшыларға халат беріліп, сиыйр сауатын жер қолайлы болды.

Қазіргі уақытта село дәрігер пунктінде штат бойынша бір адам жетпейді. Мұның өзі жұмысты шұғыл істеуге әкеліп те соғады. Сондықтан бұл жағдайды аудандық денсаулық сақтау бөлімінің басшылары ескеруге тиіс.

**Қ. БЕЙСЕКЕЕВА,**
**Рублевка селосының фельдшер- акушерлік пунктінің меңгерушісі, Совет ауданы.**

жігермен еңбек майданына араласуда.

Қарапайым деревня қызы Юлидің образын артистка А. Месарош өте нанымды табиғи етіп шығарған. Бұрын өнеркәсіп орнын көрмеген қыздың құрылыс жұмысын шапшаң меңгеруі, оның басындағы өзіне білінбей болып жатқан өзгерістер, кәдуілгі өмірдегідей болып берілген. Юли кинофильмнің басынан аяғына дейін бірқатар өмір өткелінен өтеді. Бір кездегі кулактың тепкісінде жүрген инабатты қыз алдыңғы қатарлы, мәдениетті жұмысшы дәрежесіне көтеріледі.

Месарош Юлиді биязы мінезді, аққөңіл, адал адам ретінде бейнелейді. Оның өмір тәжрибесінің аздығынан туған кейбір қателіктерін, балалық оймен әр неге нанғыштығын артистка біркелкі тамаша етіп шығарған. Юли кулак баласы Мишкейдің құрылыстан кет деп қорқытқанын айтып, ақылдасу үшін парторгке барады. Бірақ, оны таба алмай құрылыстың кадр бөлімінің бастығы Эдит Тиссаиға жолығып, аңқаулықпен бар сырын айтып салады. Тиссаи өзі сүйетін Мичкеиді сақтап қалу мақсатымен Юлиге құрылыстан кетуге кеңес береді. Бірақ, Юли жаңа өмірді, құрылысты беріле сүйген Орбаны тастап, ешқайда кеткісі келмейді.

Кинофильмде жағдайдың ауырлығына, еңбекақының мезгілінде тиіп тұрмағанына, тіпті бос уақытын көңілді өткізетін мәдениет үйінің жоқтығына қарамастан қажырлы еңбек етіп жүрген венгер жастары көрінеді. Солардың бірі жұмысшы Орбан, ол басқаратын бригаданың жастары Орбан мен Юли жұмыс үстінде құрылыс ішінде бір-бірімен танысады. Адал, достық қарым-қатынастың ақыры сүйіспеншілікке айналады. Дәл осындай жай Мадараш пен Аннаның арасында да болады.

Орбан артист А. Сиртештің орындауында жарқын мінезді, еңбек сүйгіш жас ретінде көрінеді. Комсомол комитеті, оның бастаған бұзылғандардың біртобы жанжал шығаруға дейін барады.

Кинофильмдегі тәуір шыққан геройдың бірі, артист Ф. Бешшенейдің орындауындағы Тури образы. Бұрынғы жұмысшы Тури енді құрылыс парторгі дәрежесіне көтерілген. Оны мұнда партияның Орталық Комитеті жіберген.

Тури партия қызметкеріне тән жағымды қасиеттердің бәрін бойына жиған. Адамдармен жылышырай сөйлесіп, дұрыс қарым-қатынас жасау арқылы үлкен беделге ие болады. Міне, сондықтан да оны құрылысшылар қадірлейді. Тури өз жұмысында комсомол комитетіне, активтерге сүйенеді. Солар арқылы партиялық-ұйымдастыру және басшылық жұмыстарын жүзеге асырып отырады.

Артист Бешшенейдің орындалуында Туриді мәселені байыпты түрде, тез шешетін партия қызметкері етіп көрсетеді. Ол алдыңғы қатарлы жұмысшылардың инициативасын үнемі қолдап отырады. Ал, жауға мейрімсіз.

Бұрын адам тұрмаған жерлерде сәнді үйлер, көрнекті қала пайда болады. Құрылысшылар өзінің жаңа қаласын Сталинварош деп атайды. Кинофильм еңбек, күрес үстінде бақыт тапқан Орбан мен Юлидің, Мадараш пен Аннаның жаңа қаланың бір кварталында үйлену тойымен аяқталады.

Кинофильмнің сценарийін жазушылар Б. Шалогаи, А. Шандор, Г. Турзо және режиссер Мартон Келети өз елінде социализм орнату жолына мықтап көшкен Венгрия еңбекшілерінің қажырлы еңбегін, олардың қазіргі бақытты өмірін көркем тіл, тартымды картинамен дәл өз мағнасында шебер бере білген. Қараса көз тоймайтын венгер жерінің табиғат сұлулығын картинаға түсірудегі оператор Д. Илleштің іскерлігін ерекше атап өтуге болады.

**М. НҰРПЕЙІСОВ**

## Атқыштар жарысы

Армияға, авиацияға, флотқа көмектесетін ерікті спорт қоғамының республикалық комитеті мен республикалық физкультура және спорт қоғамының республикалық комитеті мен физкультура және спорт комитеті жақында Алматы қаласында атқыштар жарысын өткізді. Оған 6 адамнан құрылған облысымыздың атқыштар командасы қатысты.

Облысымыздың үздік атқышы Пастухова 300 метрлік атқыштар жарысында бірінші орынға ие болды. Ол 200 метрлік атқыштар жарысында 165 ұпай алып, республика бойынша үшінші орынға ие болды. Спорттың бұл түрі бойынша өзінің жақсы көрсеткішке жетіскені үшін Пастухова армияға, авиацияға, флотқа көмектесетін ерікті спорт қоғамының республикалық комитетінің грамотасымен, бірінші дәрежелі дипломмен наградталды және ақшалай сыйлық алды.

**И. ТЕРЕЩЕНКО.**
**Атқыштар командасының тренері.**

## Оқушылардың көмегі

Преснов ауданындағы Киров атындағы колхоздың оқушылары оқу жылын үлгілі аяқтап, жазғы дем алысты өткізу үшін өздерінің туған колхозына оралды.

Бұл күндері оқушылардың барлығы да шөп шабу, оны жинап, мал фермаларына тасуда колхозшыларға айтарлықтай көмек көрсетуде. Әсресе, Ө. Бектенов, К. Бимаканов және К. Есімбаев сияқты оқушылар кеңалымды шөп машиналарында жұмыс істеп, өздерінің күндік нормаларын 110- 120 проценттен орындап жүр.

**С. ЖҰМАБАЕВ.**

* * *

Октябрь ауданындағы Интернационал колхозының, Марьевка, Баян, Ленин атындағы орта мектептеріндегі оқушылары жақында колхозға оралып, шөп шабу науқанына қызу кірісті. Қ. Қайырбаев, К. Қазиев және Ш. Мұқановтар кеңалымды шөп машиналарының жүргізушілері болып істейді.

**С. ҚАЙЫРЖАНОВ.**

### ...БЕРУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

БЕРЛИН, 2 июль. (СОТА). Герман демократияшыл баспасөзі Берлиннің демократияшыл секторы бойынша халықтық дауыс берудің қорытындылары туралы алғашқы мәліметтерді жариялады. Осы мәліметтерге сәйкес, Берлиннің демократияшыл секторында дауыс беруге правосы бар кәміл жасар 884.121 азаматтан 864.649 адам, яғный 97,8 проценті дауыс беруге қатысқан. Бітім договоры және оккупацияшыл әскерлерді әкету үшін 824.944 адам, яғный 97,4 проценті дауыс берген. «Европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды жақтап 22053 адам яғный анық деп танылған дауыс берген адамдардың 2,6 проценті дауыс берген.

### ЖАПОНИЯДАҒЫ САЯСИ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ СИНЬХУА АГЕНТТІГІНІҢ ПІКІРІ

ПЕКИН, 2 июль. (СОТА). Токиодан алынған мәліметтерге сәйкес, Синьхуа агенттігінің хабарына қарағанда, «жаңа» партияға басшылық туралы мәселеде, соның ішінде, жаңа партияның басшылығында Иосида болу керек пе немесе ол партия басшылығынан алынуға тиіс пе деген мәселеде алауыздық болғандықтан Иосиданың либерал партиясын «прогрессившіл» партия деп аталатын Сигемицудің және Хатояманың либерал партиясымен жаңа консервативтік партияға қосу жөніндегі әрекеті күйреген.

темаланың 15 күнге дейін президенті болатындығына өзара келісімге келген келісім таңертең Сальвадор президентінің сарайында Гватемаладағы американ елшісі Пэрифуаның қатысуымен болған, тілшінің сөзіне қарағанда, американ елшісі «кеңесші» ретінде қимыл жасаған көрінеді.

Келісім бойынша үкмет құрылып, оның құрамына Кастильо Армас, президент Арбенсті құлатқаннан кейін өкмет билігіне келген бірінші хунтаның басшысы полковник Диас кіреді.

...кіншілігінің жоқ екендігін білді деп хабарлайды.

Гватемала еңбек партиясы басшыларының бірі Пельесердің басшылығымен қимыл жасаушы қаруланған партизандар Эскунтл ауданында хунт әскерлері үшін ерекше елеулі жағдайдың шиеленіскендігі хабарлардан мәлім болып отыр. Ол жерге хунта өз резервтерінің үлкен бір бөлегін, соның ішінде екі танк аттандырған.

## Аргентинадағы Гватемала елшісінің мәлімдемесі

БУЭНОС- АЙРЕС, 2 июль. (СОТА). Гватемаланың Аргентинадағы елшісі Мануэль Галич Буэнос -Айрестегі пресс-конференцияда өзінің орнынан түсетіндігі туралы мәлімдеме жариялаған. Құрама Штаттардың билеуші топтары Гватемалаға қарсы ұйымдастырған құралды интервенцияның нәтижесінде Гватемалада орнаған «шетел капиталы тәртібінің» өкілдігін атқаруды өзі үшін масқара деп есептейтіндігін айтқан.

Жаңа «әскери қожалығының үкметі» тағайындаған соңғы шаралар, —деп мәлімдеген Галич, бұл «демократияны масқаралау, ұлттық тәуелсіздікті жою, елді американ басқыншыларының тепкісіне беру, 1944 жылғы революцияның принциптеріне опасыздық».

«Өзінің жауапкершілігін сезетін Гватемаланың қандайда болсын адамы, —американ самолеттері эскадрилияларының шабуылымен адамгершілік, саяси, экономикалық және күш жағынан жүдеушілікке ұшырап, ел билігі опасыздардың қолына берілгеннен кейін қирап бүлінген Гватемаладағы тәртіптің шетелдегі өкілі бола алмайды».

«Мұндай жағдайда, —деген сөзінің қорытындысында Мануэль Галич, —патриотизм мен адамдықтың ең қарапайым сезімі, барлығымызды болған қылмысты әшкерелеуге және шетелде опасыздардың өкілі болудан бастартуға міндеттейді».

**Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**


**АЛМАТЫНЫҢ ӨНДІРІС КООПЕРАЦИЯСЫ ТЕХНИКУМЫ**

**1954-1955 оқу жылына мына бөлімдерге ОҚУШЫЛАР АЛАДЫ:**

1. Металды кесіп өңдеу жөніндегі техник- технологтер даярлайтын бөлімге, оқу мерзімі 4 жыл.
2. Мебельдер жасау жөніндегі техник- технологтер даярлайтын бөлімге, оқу мерзімі 4 жыл.
3. Өнеркәсіп кәсіпорындарының бухгалтерлік есеп жөніндегі мамандарын даярлайтын бөлімге, оқу мерзімі 3 жыл.

Техникумға 14 жастан 30 жасқа дейінгі, жетіжылдық білімі бар ер және әйел азаматтар алынады.

Оқуға түсушілерден мына пәндерден: ССРО конституциясынан (ауызша), орыс тілінен (жатқа жазу), әдеби оқу және орыс тілінен (ауызша), математикадан (ауызша және жазбаша) қабылдау емтиханы алынады.

Жетіжылдық мектепті өте жақсы деген бағаға мақтау грамотасымен бітіргендер 1 курсқа қабылдау емтиханынсыз алынады.

Өнеркәсіп кәсіпорындарының бухгалтерлерін даярлайтын бөлімге (оқу мерзімі қысқартылған топқа) орта мектептің 10-шы класын бітіргендер, орыс тілінен және әдебиеттен (ауызша және жазбаша), (шығарма жазу), математикадан (ауызша және жазбаша) қабылдау емтиханын ойдағыдай тапсырғандар алынады.

Арыздар техникум директорының атына жазылып, почта арқылы жіберіледі, немесе қолма- қол тапсырылады.

Арыздармен бірге мына документтерді қоса тапсыру керек: білімі туралы куәлігі (түп нұсқасы), туған жылы туралы куәлігі (нотариус анықтаған көшірмесі) өз қолымен жазған өмірбаяны, 3 фотосуреті (3x4 см. мөлшерінде) туған жерінен алған анықтамасы, денсаулығы туралы анықтамасы, әскери міндеттілер үшін әскери билеті немесе тіркеу куәлігі.

Арыздар осы жылғы 31 июльге дейін қабылданады. Қабылдау емтихандары осы жылғы августың 1-нен 20-на дейін өткізіледі.

Оқу 1 сентябрьде басталады.

Басқа жақтан келіп оқыйтындар жатақханамен қамтамасыз етіледі. Стипендия жалпы ережеге сәйкес төленеді.

Арыздар мен документтерді мына адреске жіберу керек: Алматы қаласы, Кордонная көшесі, 148-үй. Алматының өндіріс кооперациясының техникумы.

**Дирекция.**


## Киноларда

**«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА**

**«БАҚЫТ ОСЫЛАЙ КЕЛЕДІ»**
Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

**«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА**

**«ТАЙГАДАҒЫ ОҚЫЙҒА»**
Сағат 8-30, 10-30-да басталады.


Петропавлдағы нан комбинатына ағаш шеберлері, жүк тиеушілер, тасшылар, штукатуршылар, үй күтуші, кір жуушы, көмекші жұмысшылар КЕРЕК.
АДРЕС: Петренев көшесі, 61-үй. Кадр бөлімі.

Түпкілікті жұмысқа қазақ газеті үшін линотипист, полиграфиялық жабдықтармен таныс механик -электрик, тәжрибелі әріп терушілер керек.
Жұмысқа кірем деушілердің Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үйге келіп түсінік алуларына болады.



**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет- тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы— 4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.**

ҮІІІ 02057.

**Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.**